

**Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы**

Калиев А.А.

**«Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметіндегі
азаматтық қатынастарды жүзеге асыру мәселелері» пәні бойынша
ОҚУ ҚҰРАЛЫ**

Жалпы заң пәндері кафедрасының
мәжілісінде қаралып, талқыланды.
2020 жылғы 02 маусым
№13 хаттама

Қарағанды-2020

ӘОЖ 347.123

ББК

Р122

Рецензенттер:

Абыласимов М. Н., Е.А. Бөкетов атындағы Қару конституциялық және халықаралық қатынастар кафедрасының ассистент профессоры құқық, философия докторы (PhD)

Кумисбеков С.К. Қазақстан Республикасы ІІМ Қарағанды Академиясының Әкімшілік құқықтық пәндер кафедрасының профессоры Б. Бейсенова, философия докторы (PhD).

Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметіндегі азаматтық қатынастарды жүзеге асыру мәселелері : оқу құралы – Қарағанды: ҚР ІІМ Қарағанды академиясы.Б. Бейсенова, 2020.-72с.

Азаматтық құқық теориясы бойынша әдебиеттерді, нормативтік –құқықтық актілерді зерделеу негізінде терроризм актісімен келтірілген зиянды өтеу мәселесі қарастырылған.

Оқу құралы ҚР ІІМ жоғары оқу орындарының заң факультеттерінің магистранттары, докторанттарына мен цивилистика мәселесіне қызығушылық танытушы оқырмандарға арналған.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен басылып шығарылады.

© ҚР ІІМ Қарағанды академиясы. Б. Бейсенова, 2020

©

Р93 Калиев А.А., 2020

№ 1 тақырып азаматтық-құқықтық саланың жүйе құраушы белгілерінің өзекті мәселелері

ЖОСПАР:

1. Азаматтық заңнаманың ұғымы және жүйесі.
2. ПО заңды тұлға ретінде.
3. ПО қызметінде қолданылатын азаматтық – құқықтық шарттар.

1. Азаматтық заңнаманың ұғымы және жүйесі

Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің аталған түрлерінің ұқсастығымен қатар, олардың айырмашылықтарын да атап өткен жөн. Деликттік жауапкершілік азаматтық құқықтың ерекше институты болып табылады. Бірінші кезекте, оған құрамында императивті нормалардың басым болуымен байланысты ерешелік тән.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік – бұл заңды жауапкершіліктің бір түрі. Оған заңды жауапкершіліктің мына белгілері тән:

- мемлекеттік мәжбүрлеумен тығыз байланысы;
- құқықбұзушылықтың іс жүзіндегі негізінің болуы;
- құқықбұзушының іс-әрекетін мемлекеттік және қоғамдық айыптаудың арасындағы байланыс.

Бірақ азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің арнайы, оған ғана тән белгілері бар. Оның да қылмыстық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық, тәртіптік жауапкершіліктер сияқты өз тағайындалуы бар. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік, субъектілердің әрекеттерінің ерекше азаматтық-құқықтық салдарына әсер ету үшін қолданылады және бір уақытта бастапқы оны қолдануға түрткі болған салдардан ерекшеленетін басқа бір азаматтық-құқықтық салдарға әкеледі.

Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің заңды жауапкершіліктің басқа түрлерінен тағы бір айырмашылығы, ол туралы нормалар оны жүзеге асырудың ерікті тәртібін жоққа шығармайды. Осының салдарынан азаматтық құқық теориясында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті, орын алған құқық бұзушылыққа жауап беру қажеттілігі ретінде анықтайды.

Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктен, деликт жасаған құқық бұзушыға әсер ету шарасы болып табылатын оның санкцияларын ажырата білген жөн. Келтірген зиян үшін жауапкершілік саласында (шарттан тыс, деликттік) негізгі санкция келтірілген зиянды өтеу болып табылады. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік құқықтық жауапкершіліктің бір түрі болғандықтан, ол соңғысына тән барлық қасиеттерге ие. Бұл жалпы қасиеттерге толығынан тоқтамай-ақ, құқықтық жауапкершіліктің заң әдебиетінде кездесетін анықтамасын келтіргенді жөн көріп отырмын.

Құқықтық жауапкершілік - бұл заң нормасының санкциясымен көзделген жеке ұйымдастыру не мүліктік сипаттағы шектеулер нысанында

белгіленетін мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын құқықбұзушыға қолдану".¹ Бұл анықғама қарастырылып отырған институттың кез келген түріне тән негізгі белгілерді қамтиды. Нақты азаматтық - құқықтық жауапкершілік дегеніміз не? деген сұраққа жауап беру оңай емес. Бұл сұраққа қылмыстық заңнамаға қатысты жауап беру әлдеқайда оңай. Егер қандай да бір азамат қылмыс жасаса, мысалы, кісі өлтірсе не ұрлық жасаса және т.с.с. онда жалпыға мәлім нәрсе, құқықбұзушылық жасағаны үшін бас бостандығынан айыру, түзеу жұмыстары, айып төлеу немесе өзге де түрдегі жаза тартуы тиіс.

Азаматтық құқықта бәрі әлдеқайда күрделі. Бұл ең алдымен, азаматтық құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастардың кең ауқымдылығымен түсіндіріледі, ал осының өзі едәуір қиыншылықтар туғызады. Расында да азаматтық заңнама мүлдем әртүрлі қатынастарды реттейді: азаматқа қандайда бір затты сатудан алып - кәсіпорындар шығаратын өнімнің көлемді жеткізілімдеріне дейін, аяқ киім немесе тұрмыстық техниканы жөндеуден үлкен зауыттар, фабрикалар және өзге де үйлер мен ғимараттарды салуға дейін; жолдастан бірнеше теңге қарыз алудан банктермен берілетін үлкен несиелерге дейін және т.с.с. Азаматтық заңнаманың мұндай кең аясы азаматтық - құқықтық жауапкершілік мәселелерінің шешілуін де едәуір қиындатады, ал олардың өзі осы себептермен біркелкі шешіле алмайды. Дегенмен, ең бастысы - құқықтың әр саласының қоғамда атқаратын рөлінде.

Аталған белгілер, азаматтық - құқықтық жауапкершілікті субъективтік азаматтық құқықгы бұзушыға мемлекеттік мәжбүрлеумен қамтамасыз етілген қосымша азаматтық - құқықтық міндет немесе оған тиесілі азаматтық құқықтан айыру түріндегі қосымша мүліктік шектеулерді жүктеуге бағытталған субъективтік азаматтық құқықтарды қорғаудың арнайы құқыққорғау шараларын (санкцияларды азаматтық - құқықтық жауапкершілік шараларын) қолдану ретінде анықтауға мүмкіндік береді.²

Азаматтық - құқықтық жауапкершіліктің мәнісін ашқан соң, оның пайда болу жағдайларын қарастырайық.

Кез келген құқықтық жауапкершіліктің негізінде, қағида бойынша, құқықбұзушылық орын алады. Бірақ құқықбұзушылықтар әртүрлі болып келеді. Бұл қылмыс та, әкімшілік құқықбұзушылық та, азаматтық құқықбұзушылық та және т.с.с. бола алады. Бір-бірінен олар көптеген белгілері: қоғамдық қауіптілігі бойынша, зиянкесті нәтижесі бойынша, субъектілері бойынша және т.б. бойынша ажыратылады. Әрине, құқықбұзушылықтардың әр түрлері үшін құқықтың әр саласы құқықтық жауапкершіліктің өзіндік шараларын көздейді.

Дегенмен құқықтың бір саласының шегінде де құқықбұзушылықтардың сипаты біртекті емес. Бұл азаматтық құқықбұзушылықтарға да тән нәрсе. Бұған сәйкес, біріншіден, олар бар кезде

¹ Теория государства и права. Учебник. Под ред. В.М. Корельского, В.Д. Перевалова-М., 1997 г. С. 418.

² Гражданское право. Том 1. Учебник для вузов. Отв. ред. М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин - А., 2000. С.645.

азаматтық- құқықгық жауапкершілік туындайтын жағдайлар және екіншіден, құқықбұзушыға қолданылатын жауапкершілік шаралары да әртүрлі болады.

Азаматтық құқықбұзушылықтардың біртекті болмайтындығы азаматтық- құқықтық жауапкершілік жағдайларының да саналуандығына әкеліп соқғырады. Бұған қарамастан заң әдебиетінде азаматтық - құқықтық жауапкершіліктің бірнеше жалпы (типтік) жағдайлары белгіленген. Олардың бар болуы азаматтық құқықтар мен міндеттерді бұзушыға жауапкершілікті жүктеу үшін қажетті болатын жалпы типтік жағдайлардың жиынтығы құқықбұзушылықтың құрамын құрайды.

Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің жалпы дәстүрлі болып табылатын жағдайлары ретінде мыналарды атап өтуге болады:

1. құқықбұзушының құқыққа қайшы тәртібі;
2. залалдар немесе зиянның орын алуы;
3. құқыққа қайшы тәртіп пен пайда болған зияндық салдар арасындағы себептік байланыс;
4. 4. құқықбұзушының кінәсінің болуы.

Осы жағдайларды толығырақ қарастырайық. Құқықбұзушының құқыққа қайшы тәртібі азаматтық - құқықтық жауапкершіліктің жағдайы ретінде.

Адамның қандай әрекеттерін құқыққайшы деп санаған жөн? "Құқыққа қайшы" терминімен ең алдымен азаматтың немесе ұйымның, құқық талаптарына қайшы келетін тәртібі ретінде заңмен көзделген заңдылық міндеттерді бұзумен (орындамаумен) байланысты тәртіп танылуы тиіс. Дегенмен, азаматтық міндеттер, құқықтар тәрізді, тек заңнан ғана емес, онымен бірге шарттардан да, біржақты мәмілелерден де, заңды қылықтардың да туындай алатындығын ұмытпау керек.

Азаматтық - құқықтық нормалардың диспозитивтік сипатта болады. Азаматтық заңнама азаматтар құқықтар мен міндеттерді бұзушыға мүліктік әсер етумен қоса азаматтық айналым қатысушыларының арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды дұрыс ұйымдастырудың маңызды ісін де орындайтындығын ескерген жөн. Азаматтық құқық нормаларының дәл осы функциясы құқықтың осы саласында бәрі тек азаматтық – құқықтық жауапкершілікпен шектелмейтіндігін дәлелдейді. Азаматтық құқықтар мен міндеттердің саналуандығы және субъектілердің азаматтық айналым үрдісіндегі қарым-қатынастарындағы айырмашылық – азаматтық - құқықтық даулардағы шешу құралдарының, субъективтік азаматтық құқықтарды қорғау және өз міндеттерін орындамайтын адамдарға әсер ету құралдарының кең тізімін қолдануға мүмкіндік береді.

Айтылғаннан, алдын ала мынандай қорытынды жасауға болады: азаматтық-құқықтық жауапкершілік азаматтық құқықтарды қорғау және міндеттерді бұзушыларға әсер етудің бірден бір құралы емес, сол құралдардың бірі ғана болып табылады.³

³ Грибанов В.П., Осуществление и защита гражданских прав.-М.: «Статус», 2000 г. – С. 299.

Азаматтық құқықтарды қорғаудың кең тізімі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 9-бабында көзделген.⁴ Оның 1-тармағы былай дейді: "Азаматтық құқықтарды қорғаудағы сот, төрелік сот немесе аралық сот; құқықтарды мойындау; құқық бұзылғанға дейінгі болған жағдайды қалпына келтіру; құқықты бұзатын немесе оның бұзылу қаупін туғызатын әрекеттерге тыйым салу міндетті заттай орындатуға ұйғарым шығару; залалдарды, төленетін айыпты өндіріп алу; мәмілені жарамсыз деп тану; моральдық зиянның өтемін төлеу; құқықтық қатынастарды тоқтату немесе өзгерту; мемлекеттік басқару органының немесе жергілікті өкілді не атқарушы органның заңдарға сәйкес келмейтін құжатын жарамсыз немесе орындауға жатпайды деп тану; азаматтық немесе заңды құқыққа ие болуына немесе оны жүзеге асыруына кедергі жасағаны үшін мемлекеттік органнан немесе

Айтылған ойлармен заң әдебиеттерінде келіспеушіліктер де кездеседі⁵.

Цивилист-ғалымдардың басым көпшілігі азаматтық-құқықтық қатынастың мазмұнын оның қатысушыларының субъективтік құқықтары мен міндеттері құрайды деген позицияны басшылыққа алады.

Субъективтік құқық – бұл құқыққа ие тұлғаның мүмкін жүріс-тұрысының заңмен қамтамасыз етілген шегі. Мұндай құқықты жүзеге асырудың басты мақсаты – адамның белгілі бір қажеттіліктерін қанағаттандыру. Құқықты жүзеге асыру екі жолмен жүргізілуі мүмкін: *құқыққа ие тұлғаның өз бетімен заңға қайшы келмейтін әрекет ету арқылы* немесе *міндетті адамнан белгілі бір әрекеттердің орындалуын талап ету арқылы*. Айтылғанның негізінде субъективтік құқықты құқыққа ие тұлғаның өз мүдделерін қанағаттандыру мақсатында оның өз бетімен белгілі бір әрекеттерді жасау және міндетті адамнан белгілі бір жүріс-тұрысын талап етуі мүмкіндігінен тұратын құқыққа ие тұлғаның мүмкін жүріс-тұрысын заңмен қамтамасыз етілген шегі ретінде анықтауға болады.

Адамның субъективтік құқығына екінші бір адамның міндеті сәйкес келеді. *Субъективтік міндет* – міндетті тұлғаның міндетті жүріс-тұрысының заңмен қамтамасыз етілген шегі. Азаматтық құқықтық қатынастардағы міндеттерді *белсенді сипаттағы* және *пассивті* міндеттер деп бөлуге болады. Егер құқыққа ие тұлға өз мүдделерін қанағаттандыру үшін өз құқығының шегіндегі әрекеттерді жасайтын болса, міндетті тұлға құқықтың жүзеге асырылуына бөгет жасамауға міндетті. Мұнда пассивті сипаттағы міндет туралы айтылған. Егер құқыққа ие тұлға өзі әрекет етпей, міндетті тұлғадан тиісті әрекет жасауды талап ету арқылы қажеттіліктерін қанағаттандырса, онда міндетті тұлғаның міндеті белсенді сипатта болады.

Құқыққа сай әрекеттер адам еркінің құқықтық салдар туғызуына бағытталу әсеріне қарай: *заңдылық актілер* және *заңдылық қылықтар* деп өзара ажыратылады. Заңдылық актілер құқықтық қатынастардың субъектілері бойынша мыналарға бөлінеді:

а) әкімшілік актілер;

⁴ Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі, - Астана: ИКФ Фолиант, 2008 ж.

⁵ О.С.Июффе. Правоотношение по советскому гражданскому праву. Л., 1949. 59-64 б.

- ә) азаматтық-құқықтық актілер;
- б) сот шешімдері.

Әкімшілік актілер мен сот шешімдеріне тән ортақ қасиеті – азаматтық-құқықтық қатынастарды өз еркімен туғызған адамдар (лауазым иелері, судья) бұл қатынастарға қатыспайды⁶.

2. ПО заңды тұлға ретінде

Азаматтық заңнаманың маңызы мына құқықтық санаттармен тікелей байланысты:

- 1) азаматтық заңнаманың мемлекет заңнамасы ішіндегі алатын орны
- 2) азаматтық заңнаманың атқаратын функциялары (рөлі)

Азаматтық заңнаманың алатын орны:

- 1) дамыған азаматтық құқықтың жаңашыл идеяларын қалыптастырады;
- 2) тауар-ақша қатынастарын құқықтық реттеудің негізгі қағидаттарының (меншік нысандарының теңдігі және олардың қол сұғылмаушылығы; шарт еркіндігі, азаматтық айналым субъектілерінің теңдігі және т.б.) негізін қалайды;
- 3) оның негізінде рыноктық экономиканың дамуы үшін алғышарттар (жағдай) жасаған заңдардың негізгі жиынтығы қалыптасады (қабылданады);
- 4) жеке құқықты қалыптастырып, дамытады;
- 5) дамыған мәдени-әлеуметтік және этникалық бірлескен қоғамды құқық негізінде қалыптастыра отыра азаматтық қатынастарды дамытуға жәрдемдеседі.

Азаматтық заңнаманың маңызын көрсететін негізгі атқаратын 2 функцияларын көрсетуге болады:

- 1) реттеуші;
- 2) қорғаушы.

Азаматтық заңнама – бұл азаматтық құқықтың нормалары қамтылған нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы.

Азаматтық заңнаманың мақсаты – азаматтық қатынастарға түсетін қатысушылардың теңдігін, меншікке қол сұқпаушылықты, шарт еркіндігін, жеке өмеріге кімнің болса да араласуына жол беруге болмайтындығын, азаматтық құқықтарды кедергісіз жүзеге асыру мен нұқсан келтірілген құқықтардың қалпына келтірілуін, оларды соттың қорғауын қамтамасыз ету қажеттігін тану.

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының жүйесі мынандай құрамнан тұрады:

- 1. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар
- 3. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (жалпы және ерекше бөлімі);

⁶ Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общ. ч.) Комментарий. Кн.1. /Отв. ред. М.К.Сулейменов, Ю.Г.Басин. – А., 1997. 42б.

4. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексе сәйкес қабылданған өзге де заңдары;

5. Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтары;

6. Қазақстан Республикасы Парламенттің қаулылары;

7. Парламент Сенаты мен Мәжілісінің қаулыларынан (заң актілерінен);

8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары;

9. Азаматтық кодексте және өзге де азаматтық заң актілерінде көзделген жағдайлар мен шектерде Министрліктер және өзге де орталық атқарушы органдардың, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың актілері.

Заңды тұлға деп меншігінде, шаруашылық жүргізуінде немесе жедел басқаруда жекеленген меншігі бар және осы мүліктің міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды жүзеге асыратын, міндеттемелерді атқаратын, сотта талап қоюшы және жауапкер бола алатын ұйым танылады

ПО жүйесіндегі заңды тұлғалар азаматтық айналымға қатысушылар сияқты дәстүрлі белгілерге ие. Оларға:

1) белгілі бір ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны болады;

2) ПО бір жағынан азаматтық қатынастардың қатысушысы ретінде, екінші жағынан, әлеуметтік орта жүйесіндегі тиісті функцияны атқаратын орган ретінде саналады;

3) мемлекеттік билік субъектісі болса да, азаматтық қатынастарға түскенде тең қатысушы ретінде есептеледі;

4) оқшау мүлкі болады;

5) сотта талап қоюшы және жауапкер бола алады.

Заңды тұлға деп жеке өзіндік жарғысы, банкте есеп-шоты бар, ресми мекеме тізбегінен өткен іскер мекемені айтамыз.

«Заңды тұлға» деген ұғым жалпы коммерциялық мекемелерге, қоғамдық бірлестіктерге қатысты қолданылады.

Мекеменің теориялық мінездемесін сипаттайтын мынандай белгілер бар:

- мүліктік және мүліктік емес тұрғыда оқшау болуы;
- белгілі бір құқықтар мен міндеттерді белгілейтін заңды мәртебесі, бұл оны құқықтық қатынастың субъектісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді;
- мекеменің атауы және оның ұйымдастырушылық-құқықтық нысанының болуы, бұл оны міндеттемелері бойынша жауапкершілік объектісі мен нысаны ретінде қарауға мүмкіндік береді.

Даулы сәттерде жоғарыдағы анықтама заңды тұлғаның барлық белгілерін қамтиды.

Заңды тұлға ұғымы мүлікпен бірге, білім беру саласында, дінде, сонымен қатар, басқа да қызмет түрлерінде ұжымдық мүддені рәсімдеуде кеңінен қолданылады.

Заңды тұлғаның негізгі қызметтері ретінде Е.А.Богатых мыналарды ұсынады:

шаруашылық қызметті жүзеге асыру (табыс табу);
шаруашылық емес қызметті жүзеге асыру, мұнда мәдениет, ғылым, білім беру, саясат және т.б. салаларда.

Шаруашылық қызмет - капиталды біріктіру бойынша (акционерлік қоғам) немесе қызмет пен мүлікті біріктіру бойынша (толық серіктестік) немесе капиталды бөлу бойынша (жауапкершілігі шектеулі қоғам) жүзеге асырылады.

Кейбір авторлар заңды тұлғаның қызметін белгілеуде оларды *өндірістік және өндірістік емес* деп бөледі.

А.М.Мұхамеджанова және С.А.Сарина заңды тұлғаның мынадай түрлерін көрсетеді:

заңды тұлға ұйымның еркін толығымен көрсете отыра, қатысушылардың арасында ішкі қатынастарды ұйымдастырады және оған өз атынан азаматтыққұқықтық мәмілені жүзеге асыруға (сатып алу – сату, сыйға тарту) мүмкіндік береді;

заңды тұлға капиталды ұзақ уақытқа біріктірудің кепілі болып табылады;

заңды тұлғаның мүліктік тәуекелі нақты мекеменің капиталындағы салым көлемімен шектеледі.

Заңды тұлғаның белгілері дегеніміз – бұл ұйымның азаматтық–құқықтық субъектісі ретінде сипаттауға мүмкіндік беретін қасиеттері.

Қазақстандағы барлық заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеуден өтеді, көбінің мөрлері бар және банкте есеп шоттары бар, бірақ та бұлар заңды тұлғаның мәнін ашпайды.

Заңды тұлғаның белгілері төртке бөлінеді, бұлардың әрқайсысы қажетті, ал барлығы бірге, ұйымды азаматтық–құқықтың субъектісі ретінде сипаттауға мүмкіндік береді:

1) Ұйымдық бірлік. Бұл заңды тұлғаның белгілі иерархиясын, басқару органдарының бағыныштылығын, қатысушылардың ара қатынастарын сипаттайды.

Бұл бірлік – құрылтай құжаттармен бөлінетін шарт және заңды тұлғаның белгілі бір түрінің құқықтық жағдайын реттейтін нормативтік актілермен бекітіледі.

2) Егер де тұлғаларды бір ұжымдық бірлестікке біріктіру үшін ұйымдастырушылық бірлік қажет болса, онда мүліктік оқшауланушылық осындай бірлестіктің қызметінің материалдық базасын құрады.

Қандай да тәжірибелік қызмет үшін тиісті құралдар қажет болады (техника, білім, ақша құралдары).

Мүліктік оқшауланушылық барлық заңды тұлғаларға тиісті, ол басынан қалыптасады, себебі, жарғылық капиталды қалыптастыру сәтіне сүйенеді.

3) Заңды тұлғаның жеке азаматтық–құқықтық жауапкершілік қағидасы. Осы қағида бойынша заңды тұлғаның әрбір қатысушысы немесе мүлік иесі, оның міндеттемесі бойынша жауапты емес, ал заңды тұлға олардың міндеттемелері бойынша жауапты емес. Әрбір заңды тұлға өзінің міндеттемелері бойынша жеке тұрғыда азаматтық–құқықтық жауапкершілікте болады. Мұ-

ның алғышарты ретінде заңды тұлғаның дара мүлкінің болуы, осы мүлік бойынша кредиторларға жауап беруін айтуға болады.

4) Азаматтық айналымға өз атынан шығуы. Бұл дегеніміз өз атынан азаматтық–құқықтарға және міндеттерге иелену және жүзеге асыру мүмкіндігі, сонымен бірге сотқа талапкер және жауапкер ретінде қатысуы. Аталмыш белгі заңды тұлғаның қорытынды белгісі және нәтижелік мақсаты болап табылады

Заңды тұлғаның атауының болуы басқа ұйымдардан айыра алуға мүмкіндік береді. Заңды тұлғаның атауы – азаматтық–құқықтық субъектінің қажетті алғышарты болып табылады (Қазақстан Республикасы АҚ 33 б.)

Заңды тұлға нормативті актілермен, азаматтық заңнамамен, кей заңды тұлғалардың ұйымдастырушылық құқығын нысандандыру туралы заңдармен реттелетін белгілі қағидаларға сүйене отыра құрылады.

Заңды тұлғаның құрылуының қажеттілігі экономикалық қажеттілікпен, мекемеге керекті материалдық шарттармен, нарықтық және тұтынушылардың сұранысына сай тауарларды өндірумен туындайды.

Заңды тұлғаларды тіркеуге мемлекет органдарының қатысуына орай заңды тұлғалардың құрылуының келесі әдістері:

1. Өкімдік тәртібі. Мұнда, заңды тұлға құрылтайшылардың өкімі бойынша пайда болады, арнайы мемлекеттік тіркеу қажет етілмейді. ғы көптеген мемлекеттік мекемелер осы реттілік бойынша құрылған. Себебі, жоспарлық экономика жүйесінде басты рольді мемлекет атқарған, оның азаматтық қоғамнан биік болуы мемлекеттік тіркеуді қажет етпейді.

Нарықтық экономикасы бар елдерде осы реттілікті заңды тұлғалардың құрылуының *явочный* реттілігі алмастырады. Осы реттілік үшін арнайы мемлекеттік тіркеудің қажеттілігі жоқ, мекеме құрылуы үшін құрылтайшылардың заңды тұлға ретінде әрекет етеміз деген еркінің болуы ғана қажет. Біздің елімізде кәсіпқойлық одақтар осы реттілік бойынша құрылған.

2. Заңды тұлғалардың құрылуының келесі жолы рұқсат ету тәртібі. Құзыретті органның рұқсатымен мекеме құрылады. ССРО – да көптеген қоғамдық және кооперативтік ұйымдар құрылған. Осында заңды тұлғаларды құруға рұқсаттың қажеттілігі жоқ деп берілмеуі де мүмкін болған. Қазіргі кезде заңнама тиімсіз деген желеумен тіркеуден бас тартуға жол бермейді. Рұқсат ету тәртібі кей заңды тұлғалардың құрылуында сақталып қалды. Мысалы, банктік қызмет атқару үшін құрылатын заңды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің рұқсаты қажет.

Заңды тұлғалардың құрылуының тәртібі АҚ 452 бабына сай нормативті тәртіпті бекітеді.

Заңды тұлғалардың құрылуы үшін заң құрылтай құжаттардың болуын талап етеді. Осы құжаттарға жарғы және құрылтай шарт жатады. Осы құжаттардың екі функциясы бар:

1. Сыртқы функцияны атқара отыра, олар жалпыға заңды тұлғалардың нысаның ерекшелігі, оның құқықтық қабілеттілігі, атауы, ұйымдастырушылық құрылымы, орналасқан жері туралы және басқа да мәліметтерді жеткі-

зеді. Құжаттардың мазмұны өзгертін болса, онда үшінші тұлғаларға жаңа ережелер мемлекеттік тіркеуден кейін жеткізіледі.

2. Ішкі функцияны атқара отыра, олар заңды тұлғалардың құрылтайшылары арасында мүлікті құруға олардың қатысуы, заңды тұлғалардың табысын бөлу, басқару және басқа сұрақтар бойынша ара қатынастарын белгілейді.

Әр қилы заңды тұлғалар үшін құрылтай құжаттардың құрамы әр түрлі. Жауапкершілігі шектеулі немесе қосымша жауапкершілігі бар қоғамдар, ассоциациялар, одақтар құрылтай шарт және жарғы негізінде әрекет етеді. Шаруашылық серіктестіктер құрылтай шарт негізінде қызмет атқарады. Ал басқа заңды тұлғалар үшін бекітігін құжат ретінде жарғы табылады.

Құрылтай шарт бекітіледі, ал *жарғы* құрылтайшылар арасында келісіледі.

Құрылтай шарт дегеніміз – бұл заңды тұлғалардың құрылуы және қызмет атқару барысында құрылтайшылар арасындағы ара қатынастарды реттейтін азаматтық–құқықтық шарт. Ол тек жазбаша бекітіледі, ал өз күшіне бекітілген сәттен бастап енеді. Егер де коммерциялық мекеме бір адаммен бекітілетін болса, онда құрылтай шарт бекітілмейді.

Коммерциялық мекеменің және мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарында заңды тұлғалардың қызметінің пәні және мақсаты көрсетілуі керек.

Құрылтай шартта тараптар заңды тұлғаларды құруға міндеттеме береді, оны құрудағы бірлескен қызметтің реттілігін негіздейді, өз мүлкін меншікке беру шарттарын көрсетеді.

Шарт бойынша құрылтайшылар арасында табыс пен шығынды бөлу, заңды тұлғаларды басқару, құрамнан шығу шарттары және реті негізделеді, оның жарғы бекітіледі (егер де, осы қызмет түрі үшін керек болса).

Жарғы құрылтай шартқа қарағанда бекітілмейді, керісінше бекітушілермен келісіледі. Бірақ та бұл айырмашылық принциптік сипатта емес.

Жарғыға барлық демеушілер қол қоймайды, құзыретті тұлғалар (төрағасы және құрылтай жиналысының хатшысы) қол қояды. Жарғы заңды тұлғаларды тіркеу сәтінен бастап күшіне енеді.

Заңды тұлғалардың жарғысында оның атауы, орналасқан жері, басқару органдарының қалыптасу реттілігі, қайта ұйымдасу және қызметінің тоқтатылуы белгіленеді.

Егер де бір адаммен бекітілсе, онда оның жарғысында мүлікті құрылу және табысты бөлу реттілігі белгіленеді.

Жарғымен барлық қызығушылық көрсеткен тұлғалар қатысуға құқылы.

Заңды тұлғалардың басты белгісі ретінде оның атауы және орналасу орны табылады.

Қандай да болмасын заңды тұлғалардың атауы оның ұйымдастырулық-құқықтық нысанын көрсетуі қажет. Мысалы, толық серіктестіктің фирмалық атауы «*толық серіктестік*» деген сөзді енгізуі керек.

Заңды тұлғалар бекітілген фирмалық атауы меншіктік құқықтың объектісі болып табылады. Егер де тұлға басқа заңды тұлғалардың фирмалық атауын қолданған болса, онда ол міндетті түрде қолдануды доғаруы қажет және алып келген шығынды өтеуі керек.

Заңды тұлғалардың орналасу орны ретінде заңды тұлғалардың құжаттарында басқа шарттары көрсетілмеген сәтте мемлекеттік тіркеу болған жер табылады.

Заңды тұлғалардың орналасу орнының мәні:

- Біріншіден, заңды тұлғаларға салық салу үшін;
- Екіншіден, валютталық–экспорттық реттеу мақсатында оның резиденттілігі туралы сұрақтарды шешу үшін;
- Үшіншіден, соттық дауларда және соттылықты анықтауда.

Заңды тұлғалардың құрылу тәртібі және құрылтайшылардың әрекеттерін қанағаттандыратын талаптар заңды тұлғалардың белгілі бір түрлері туралы заңнамада көрсетілген.

Заңды тұлғалардың құрылу кезеңдері:

1. Нақты бір өндіріс тауарларын, жұмыс түрлерін өндіру үшін жаңа мекемені құру идеясының пайда болуы;

2. Жаңа технологияларды, еңбек құралдары мен заттарын қолдану мүмкіндігін зерттеу және анықтау;

3. Мекеменің нарық қажеттілігін қанағаттандыра алатындығын зерттеу;

4. Тауарларды жеткізушілерді, қажетті өндіріс факторларын (материалдар, шикізат, құрал–саймандар, энергиялық ресурстар, ақпараттар және т.б.) ескеру

5. Мекеменің құрылтайшыларын іріктеу

6. Жарғы капиталын құру үшін қаржылық көздерді белгілеу

7. Құрылтай құжаттарды және бизнес–жоспарларды құру

8. Ұйымдастырушылық–құқықтық нысаны және меншік нысанына орай мекемені құру бойынша ұйымдастыру шараларын жүргізу

9. Мекемені мемлекеттік тіркеу, қажетті есеп шоттарды банкте алу.

Заңды тұлғаларды тіркеу үшін келесі құжаттар керек:

- Құрылтайшылардың тіркелу туралы өтініші, ұйымның жарғы, құрылтай шарт, тіркеу бажын төлегенін куәландыратын құжат;

- Мөрлерді даярлау;

- Мемлекеттік салық органдарында, Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының жергілікті органында, әлеуметтік сақтандыру қорында және медициналық сақтандыру қорында есепке тұру.

Заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелуі

Мемлекеттік тіркеу заңды тұлғалардың құрылуының соңғы кезеңі болып табылады. Осыдан бастап, ұйым туралы негізгі мәліметтер, заңды тұлғалардың жалпы мемлекеттік реестріне енгізіледі және жалпыға танысу үшін мүмкіндік туады.

АК 42 бабына сай заңды тұлғалар мемлекеттік әділет органдарында тіркеуге тұруы қажет. Тіркелу заңнамамен белгіленеді. Заңды тұлғалардың құрылу тәртібінің сақталмауы немесе құру құжаттарының сәйкес еместігі заңды тұлғалардың тіркелуіне рұқсат бермеуге соқтырады.

Мемлекеттік тіркеуден бас тарту, сонымен бірге, осындай тіркеуге тұрғызбау сотта қаралады.

АК 42 бабына сай заңды тұлғаларды түріне қарамай мемлекеттік тіркеу жүргізілуі керек. Заңды тұлғалардың құқықтық қабілеттілікке және әрекеттік қабілеттілікке ие болуы мемлекеттік тіркеуге тұрудан басталады.

Тіркеудің мәні келесіде:

- заңды тұлғалардың пайда болу фактісінің дәлелденуі;
- елдегі барлық заңды тұлғалардың мемлекеттік тұрғыда есепке алуға мүмкіндік береді;

- заңды тұлғалардың мемлекеттік бақылауға алу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі;

- жариялық шарт құрылады, тіркеу органдары арқылы қызығушылық танытқан тұлға заңды тұлғаларды сипаттайтын құжаттармен таныса алады.

1995жылы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сай Қазақстан Республикасы Әділет органдары:

- заңды тұлғалар мемлекеттік реестрін тіркеуге және жүргізуге құқылы;

- заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеу бойынша әдістемелік басшылыққа құқылы;

- заңды тұлғалар және әділет министрлігінің аумақтық органдарының талаптарына сай екендігін бақылауға құқылы;

- Қазақстан Республикасы аумағында тіркелген және жойылған заңды тұлғалар тізімін квартал сайын жариялауға құқылы;

- заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеу сұрақтары бойынша аймақтық органдарының әрекеттеріне деген шағымдарды қарастыру.

Заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеуге қажетті құжаттары бар өтініш берген күннен бастап, 15 күн ішінде жүргізіледі, ал қоғамдық бірлестік 10 жұмыс күн ішінде астында көрсетілген жағдайлар анықталған болса, онда тіркеу органы көрсетілген мерзімді тоқтата алады, бұлар:

- өтініш беруші құжаттарды толығымен ұсынбаса;
- ұсынылған құжаттарда кемшіліктер анықталса;
- құрылтай құжаттардың мазмұны бойынша сарапшының (маманның) қорытындысы қажет болса;

- ҚР заңнама актілерінде көрсетілген басқа да негіздер болса.

3. ПО қызметінде қолданылатын азаматтық – құқықтық шарттар

Ертедегі Рим заңнамасынан дамыған класикалық кезеңге дейін міндеттеменің қайнар көздері туралы ілімді өңдей отырып, барлық орын алған жағдайлар екі түрге біріктірілді: «contractus», оның ең басты мағынасы «мәміле» («заңды әрекет») және «maleficium» немесе «delictum», яғни «заңға қайшы әрекет»... Ал Гай өзінің «Институция» кітабында бұл мағналарды қайталайды, яғни: «omnis enim obligatio vel ex contractu nascitur, vel ex maleficio» («кез-келген міндеттеме не контрактіден, не құқықбұзушылықтан туындайды»). Сөйте тұра, М.М.Брагинскийдің айтуы бойынша азаматтық

құқықтың шешуші түсінігі «азаматтық айналым», мәмілелердің жиынтығын түсіндіреді¹, ол көптеген міндеттемелердің туындау негізін құрайды.

Шарт бойынша жауапкершілік – бұл оны бұзудың, орындамаудың құқықтық салдары, яғни азаматтық құқық бұзушылықты жасау. Тараптардың өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны кезінде контрагентте мүліктік салдар туындайды, бұл өз кезегінде жағымсыз салдарды онда ғана емес, жалпы қоғамға да туғызады. Сондай құқық бұзушылықтарды және олардың жағымсыз салдарын жою мақсатында мүліктік жауапкершілік бекітілген². Қоғамдық тәртіпті қорғау, тұлғаның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің міндеттерін орындау, қылмыстардың алдын алу, жолын кесуде полиция бөлімдері өздерінің негізгі қызметтерінің шеңберінде әр түрлі қатынастарға, оның ішінде шарттық қатынастарға белсенді түрде түсуде. ПО шарттық (азаматтық-құқықтық) қатынастарға қатысу мүмкіндігі ҚР құқық қорғау жүйесіндегі жекеленген бөлімдері заңды тұлға құқықтары мен міндеттеріне ие болуымен алғышартталған. Шартты жасау кезінде ПО басқарушылық өкілеттіктерге ие басқару органдары ретінде емес, заңды тұлға ретінде қатысады. Тараптар шарт жасау кезінде тең құқылы, олар өз іс-әрекеттерін өздері таңдауға құқылы. Мұндай шарттар сот тәртібінде дауланады.

Сонымен қатар, әкімшілік – құқықтық ғылымның өкілдері ПО жасалған азаматтық-құқықтық шарттарды басқару қызметінің нысаны ретінде қарастыратыны жөнінде айтып өткен жөн.¹ Мұндай пікір біздің ойымызша дұрыс емес. Бұған арнайы әдебиеттерде көңіл бөлінген. В.М.Манохин «ПО-ң азаматтық-құқықтық шарттарды жасауын басқарушылық қызметтің нысаны ретінде қарастыру заң тұрғысында дұрыс деп санауын ағаттық болады деген. Мұның өзінде бұл орган басқарушы - атқарушылық қызметтің субъектісі болмайды, ол азаматтық құқық пен әкімшілік құқық нормаларының әсеріне түсетін мүліктік құқықтардың субъектісі»². Бұдан келетін тұжырым шарт әкімшілік құқықтың құқықтық құралы емес, шарттың түсінігін, оның жасалу, орындау, тоқтату тәртібін бекітетін нормалардан тұратын азаматтық құқықтың құқықтық құралы. Жалпы тәртіп бойынша шарттық қатынастар туындауының негізі болып сол құқықтық салдарға әкеліп соқтыратын, соған бағытталған тұлғалардың заңдық, құқықтық әрекеттері табылады. ПО үшін мұндай заңдық фактілер болып шарт табылады. Бірақ әкімшілік акт сияқты заңдық фактінің маңызы зор, өйткені ПО қатысуымен жасалатын шарттық қатынастар көбнесе әкімшілік-құқықтық сипаттағы актілерге негізделген. Ал өз кезегінде ҚР АҚ 8-бабы әкімшілік актіні азаматтық құқықтар мен міндеттер туындау негізінің бірі ретінде анықтайды. Өздерінің тәжірибелік

¹ Научно-практический комментарий к части первой Гражданского кодекса Российской Федерации для предпринимателей. М.: Спарк; Хозяйство и право, 1999. С. 59.

² Ручкин О.Ю. Организационно-правовые аспекты участия органов внутренних дел РФ в договорных обязательствах: Дис...канд. юрид. наук. Москва 1997. С.125.

¹ Административное право: Методы и формы государственного управления. - М, 1994. С. 28.

² Манохин В.М. Административное право. Курс лекций. Вып.1. Часть общая.

қызметтерінде мемлекеттік мекемелер – ҚР ПО-ы азаматтық құқықтар мен міндеттердің туындауын әкімшілік актіге және шартқа негізделуімен, болмаса әкімшілік актінің азаматтық-құқықтық шартты жасауды қажет етіп қойуымен жиі кездеседі. ПО әкімшілік актісі болып ҚР Үкіметінің тиісті қаулыларына негізделген ведомстволық нормативтік актілер табылады.

ПО шарттық қатынастарға қатысуы мен ерекшелігінің негізгі алғышарттары бар. ПО шарттық қатынастарға қатысуының алғышарттары болып келесі факторлар табылады¹:

1. ПО бұл қатынастарға қатысуға қызығушылық білдіруі қосымша табыстарды табу мүмкіндігіне байланысты.

2. Бұл субъектілердің шарттық қатынастарға қатысуына мемлекеттің тәжірибелік қажеттілігі.

3. ПО қызметтерінің негізгі бағыттарының туындайтын шарттық қатынастардың мазмұны мен сипатына сәйкестігі.

О.А.Баниннің ПО-мен жасалатын шарттары төрт топқа бөлінеді²:

1. Мүлікті беруге бағытталған шарттар жатады. Олардың қатарына ПО-н жасалатын жалдау шарттарын жатқызуға болады.

2. Жұмыстарды орындауға бағытталған шарттар жатады. Оларға ПО-н шаруашылық қызметінде кеңінен қолданылатын мердігерлік шарттарын жатқызуға болады.

3. Қызмет көрсетуге бағытталған шарттар жатады. Бұл топқа ПО жүйесінде ең көп таралған объектілерді күзету бойынша шарттар кіреді. Оған арнайы бөлімдермен, яғни «Күзет» РМК-мен объектілерді күзету туралы шарттар және ҚР территориясы бойынша жүктерді (мүліктерді) алып бару мен күзету қызметі туралы шарттар кіреді.

4. Несие ұйымдарымен міндеттеме орындауға бағытталған шарттар жатады. Олар екі негізгі түрден құралады: қарыз және банктік несие шарты. Қазіргі таңда мұндай шарт түрлерін жоғарыда айтылғандардың бірінші тобындағы несие ұйымдарының міндеттемелері бойынша қолданады.

ПО шарттық қатынастарға қатысуының мынандай негізгі алғышарттары бар:

1) ПО бұл қатынастарға қатысуы қосымша табыстарды табу мүмкіндігіне байланысты.

2) бұл субъектілердің шарттық қатынастарға қатысуына мемлекеттің практикалық қажеттілігі (мұқтаждығы).

3) ПО қызметінің негізгі бағыттарының туындайтын шарттық қатынастардың мазмұны мен сипатына сәйкестігі.

ПО қатысуымен жасалатын шарттарды 4 топқа бөлуге болады:

1. Мүлікті беруге бағытталған шарттар (жалдау шарты және т.б.)

2. Жұмыстарды орындауға бағытталған шарттар (мердігерлік шарттары және т.б.)

3. Қызмет көрсетуге бағытталған шарттар.

4. Несие ұйымдарымен міндеттеме орындауға бағытталған шарттар (заем шарты, банктік несие шарты)

ПО қатысуымен жасалатын шарттар мынандай белгілерге сәйкес келсе жасалды деп есептеледі:

- 1) жазбаша нысанының сақталуы;
- 2) қол қоюға уәкілеттігі бар тұлғалармен қол қойыла отырып жасалуы;
- 3) тараптар арасында шарттың барлық елеулі (осы шартты жасау үшін қажетті, жеткілікті міндетті) ережелері бойынша келісімге қол жеткізіле отыра жасалуы

ПО қатысуымен жасалған шарттар оларға мынандай ерекшеліктердің тән екенін көрсетті:

- 1) ПО арнайы азаматтық құқыққабилеттіке ие шарттық қатынастардың ерекше субъектісі болып табылады;
- 2) азаматтық құқықтың субъектісі және заңды тұлға ретінде ПО шарттық қатынастары айрықша қатынастарға жатады
- 3) ПО қатысатын шарттарда заңнамаға белгілі әр түрлі шарттардың элементтері кездесу мүмкін;
- 4) ПО қатысуымен болатын шарттық қатынастарға түсу мен орындау кезінде пайда болатын барлық келіспеушіліктер әкімшілік емес, азаматтық процестік тәртіпте, яғни сот арқылы реттеледі.

№2 тақырып Азаматтық құқық субъектілерінің құқықтық мәртебесі мәселелері.

Жоспар

1. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарындағы шарттық қатынастардың ерекшеліктері.
2. Жеке күзет қызметі өтемелі қызмет көрсетудің түрі ретінде.
3. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің денсаулығы мен өмірін сақтандырудың құқықтық негіздері.

1. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарындағы шарттық қатынастардың ерекшеліктері

Шарттың түсінігі және түрлері. Шарттың мазмұны және нысаны. Шартқа отыру және шарт еріктілігі. Шартты бұзу және өзгерту.

Шарт түсінігі. «Шарт» термині азаматтық құқықта әртүрлі мағынаға ие. Шартты жағдай негізіндегі заңды дерек деп, міндеттемелік құқықтық қатынастарды бекітетін құжат деп те түсінуге болады. Осыған сәйкес шарт азаматтық құқықтар мен міндеттердің пайда болуына, өзгеруіне немесе тоқталуына әкелетін бір немесе бірнеше тұлғалар арасында жасалатын келісім.

Шарт – бұл ең көп тараған мәміле. Осыған байланысты мәмілеге тарайтын барлық ережелер шартқа да тарайды. Шарттан туындайтын міндеттемеліктерге азаматтық құқықта туындайтын міндеттемеліктердің ережелері қолданылады. Кез келген мәміле сияқты шарт та еріктілік қағидасының негізінде жасалады. Бір ерекшелігі, шартта еріктілік әрқашан

екі тараптан туындауы керек. Сондықтан Азаматтық Кодексте шарт еріктілігін бекітетін бірнеше нормаларды көруге болады.

Біріншіден, азаматтық құқық субъектілерінің шартты жасауға немесе жасамауға байланысты еріктері бар. Азаматтық Кодексте көзделген реттерде ғана еріктілік шектелуі мүмкін.

Екіншіден, шартты жасау барысында серік (партнер) таңдау еркі. Мысалы айталық, кепілге беруші не кепіл ұстаушы ерікті түрде кез келген сақтандырушыны таңдауға ерікті.

Үшіншіден, азаматтық қатынастарға түсушілердің шарт түрін таңдауға еріктілігі. Азаматтық Кодекске сәйкес, тараптар заңда немесе өзге де нормативтік актілерде көзделген не көзделмеген шарттарды жасауға құқықтары бар. Сондай-ақ тараптар бірнеше шарттарды араластырып жасай алады (аралас шарт).

Төртіншіден, тараптар шарт жағдайларын ерікті түрде қарастыра алады. Азаматтық Кодекске сәйкес, шартта немесе өзге де актілерде шарттағы жағдайлар қарастырылмаса, тараптар шартты өз еріктерімен қарастыра алады. М: Азаматтық Кодекске сәйкес, жалға алушы ағымдағы жөндеу жұмысын заңнамада немесе шартта өзгеше көзделмесе өз есебінен жүргізеді. Ортақ келісім арқылы бұл арада жөндеу жұмыстарын жалға алушы емес жалға беруші де өз есебінен жасауы мүмкін. Шарттың үлкен артықшылықтарының бірі – заңда болып жататын өзгерістер шартта көзделген нормаларды өзгерте алмайды, яғни сенімділік жоғары болады.

Шарт мазмұны. Тараптар бекіткен жағдайлар шарттың мазмұнын құрайды. Шарт мазмұны негізінен шартқа отырушы тараптардың шарт мәні бойынша қалыптастыратын негізгі құқықтары мен міндеттерінің жиынтығын білдіреді.

Біріншіден, шарттың пәні болып – негізгі маңызды жағдай мен мүдделер қарастырылады. Пәні анықталмай бірде-бір шарт жасалмайды. М: сатып алу сату шартында нақты қандай заттың, мүліктің сатылатындығы қаралмаса, шарт жасалмайды.

Екіншіден, заңда немесе өзге де нормативтік актілерде маңызды деп танылған жағдайлар. М: кепілге берілетін заттың құны анықталмаса, шарт жарамсыз.

Үшіншіден, нақты шарттың түріне байланысты анықталған маңызды жағдайлар. АҚ-де бекітілген шарттардың өзіне тән міндетті жағдайлары бар. М жауапкершілігі шектеулі серіктестік құру үшін ортақ мақсат көрсетілуі керек, ол болмаған жағдайда шарт жарамсыз болып табылады. Сақтандыру шарты сақтандыру оқиғасы болмаса жарамсыз.

Төртіншіден, бір тараптың өтініші бойынша белгілі бір жағдай маңызды болып есептелінуі мүмкін. М сатып алушы затты сатып алған уақытта сатушыдан буып түюді талап етуі мүмкін және ол талап екінші тарапқа міндетті болып табылады, тиісінше жағдай маңызды болып кетті. Оны орындамау шарттың бұзылуына әкеледі.

Шарт нысаны. Шарт жасасу үшін міндетті түрде шарттың нақты түріне талап етілетін нысанын сақтау керек. Шарт мәміленің түрі болғандықтан,

оған мәміленің нысанына байланысты ерекшеліктердің барлығы дерлік қолданылады. Азаматтық кодекске сүйенетін болсақ шарттың нысаны заңдарда көрініс таппаған жағдайда тараптар өзара шеше алады. Тараптар белгілі бір нысанда шартты бекіткеннен бастап шарт өз күшіне енеді. Мысалы: азаматтар арасында 1жылға дейінгі мерзімге аренда шарты жасалатын болса жазбаша нысанда жүзеге асырылады. Егер де тараптар аренда шартын жасасу кезінде жазбаша нысанды жүзеге асырамыз деп келісетін болса шарт жазбаша нысанда жасалмағанша өз күшіне енбейді. Нақты шарт жасасу кезінде келісімнің белгілі бір нысан түрінде көрінісі ғана емес, тиісті мүліктің берілуі де талап етіледі. Бұл арада мүлікті беру тиісінше ресімделуі керек.

Егер де заң немесе тараптардың келісімі бойынша шарт жазбаша нысанды жасалу керек болса, ол қол қойылған құжат түрінде, сондай-ақ құжатты пошта, телетайп, телефон, телеграф, электрондық және т.б. арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл әдістер құжаттың тараптардың шарты арқылы жеткізілмегендігін анықтауға болады. заңмен, нормативтік актімен немесе тараптардың келісімімен шарттың нысанын (бланк нысанында, мөр басылған және т.б.) бекітетін талаптар мен оларды сақтаудан туындайтын зардаптар бекітілуі мүмкін. Егер мұндай қосымша талаптар сақталмаған болса, тараптар шартты жасасу кезінде ерікті түрде өздері жазбаша шарттың реквизиттерін және олардың орналасу кезегін бекіте алады. Сондықтан жазбаша құжатта шарттың жеке талаптарының орналасу тәртібі оның жарамдылығына еш әсер етпейді. Азаматтар мен заңды тұлғалар арасындағы жазбаша шарт ресімделетін бланктердің нысаны қолданылады. Мұндай типтік нысандағы бланктер шартты жедел әрі дұрыс ресімдеуге мүмкіндік туғызады. Типтік нысанда көрсетілген реквизиттердің сақталынбауы тараптар арасында келісім бойынша өзгертілген болса жарамсыздыққа әкелмейді. М типтік нысан бойынша шарт жасасу барысында маңызды жағдайлар көрсетілмеген немесе графалар толтырылмаса жарамсыздыққа не күшін жоюға әкелмейді.

Негізгі және алдын ала шарттар. Азаматтық-құқықтық шарттар өздерінің заңдық бағытталғандығына байланысты ерекшеленеді. Негізгі шарт материалдық игіліктердің орын ауысуына байланысты тікелей құқықтар мен міндеттерді туғызады: мүлікті беру, жұмыс атқару, қызмет көрсету, және т.б. алдын ала шарт – тараптардың негізгі шартты болашақта жасауына байланысты келісімі. Шарттардың көбісі – негізгі шарттар, алдын ала шарттар әлдеқайда сирек кездеседі. Алдын ала шарт негізгі шарт үшін бекітілген нысанда жасалады, ал егер нысаны бекітілмеген болса, жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

Біржақты және өзара шарттар. Тараптар арасындағы құқықтар мен міндеттердің анықталуына байланысты барлық шарттар біржақты және өзара болып бөлінеді. Біржақты шартта – бір тарапта тек құқықтар туындаса, екінші жақта – міндеттер туғызады. өзара шартта – тараптардың әрқайсысы бірдей құқықтар мен міндеттерге ие болады. көп шарттар өзара болып келеді. М: сатып алу сату шарты бойынша сатушы мүлік үшін ақша талап етуге

құқылы және сол мүлікті сатып алушыға беруге міндетті. Ал сатып алушы сол мүлікті талап ету құқығына ие және ол үшін ақысын төлеуге міндетті. Сонымен қатар, біржақты шарттар да кездесіп жатады. Біржақты шарттарды біржақты мәмілелелерден айыра білген жөн. Себебі, біржақты мәміліде екінші тараптың еркі талап етілмейді.

Құнды және құнсыз шарттар. Құнды шарттар дегеніміз – бір тараптың мүлік ұсынуы екінші жақтың да мүлік ұсынуын талап ететін шарт түрі. Құнсызда керісінше, бір жақтың мүлік ұсынуы екінші жақтың мүлік ұсынуын талап етпейді. М: сатып алу сату шарты – құнды шарт, ол құнсыз болуы мүмкін емес те. Ал сыйға тарту шарты өзінің заңдық табиғаты бойынша қарама қарсы болып келеді. Яғни, екінші жақ ешқандай құнды мүлік бермейді. Кейбір шарттар құнды да, құнсыз да болуы мүмкін. Яғни бір тараптың ұсынғанының орнына бір нәрсе берілуі де берілмеуі де мүмкін.

Міндетті және ерікті шарттар. Ерікті шарттар – тараптардың шарт жасауы өздеріне тікелей байланысты болады. Міндетті шарттар, тараптардың біреуінің немесе екеуінің де міндетіне жататындығымен ерекшеленеді. Көп шарттар ерікті түрде болады. шарт жасау міндеттілігі нормативтік актіден туындайды. М: шот ашамын деп банкке жүгінген клиенттің сұранысын банк қызметкерлері қанағаттандыруға міндетті.

Міндетті шарттардың арасында жария шарттардың алатын орны ерекше. Азаматтық кодексте бірінші рет жария шарты енгізілген еді. Оның келесі белгілері бар:

1. Коммерциялық ұйым жария шарттан негізсіз бас тарта алмайды, айталық онда клиенттің сұраған мүлкі, қызметі бар болған жағдайда оған көрсетіп қызмет ету керек.

2. аталмыш ком-қ ұйым қызмет көрсетуге, тауар, жұмыс орындаумен айналысуға міндетті.

3. аталмыш қызметтер ком-қ ұйым кез келген жүгінушіге көрсетілуі тиіс.

Жоғарыда көрсетілген белгілердің біреуінің орындалмауы шарттың жария еместігінің белгі

Өзара келісілген және қосылу шарттары. Өзара келісілген шартта оның қатысушыларының барлығы бірдей оның талаптарын қалыптастыра алады. Қосылу шарты бойынша оның талаптарын бір тарап қана бекітеді.

Шарт жасасудың жалпы тәртібі.

Шарт жасау барысында қойылған мақсаттарға жету үшін, тараптар ерікті түрде жасап оны бәрі қабылдау керек. Бір жақ ұсыныс жасайды, ал екінші жақ қабылдайды. Немесе бірінші сатыны – оферта десек, екінші сатыны – акцепт дейміз. Бірінші тарап – оферент, екінші тарап – акцептант. Оферент акцептанттан акцепт алған кезде ғана шарт жасалады.

Азаматтық кодекске сәйкес, оферта келесі талаптарға сай келуі керек:

1. тұлғаның шарт жасауы анықталғандығы және оның шарт жасауға деген ынтасы көрінуі шарт

2. шарттың барлық маңызды жағдайлары құрамында болуы керек.

3. бір немесе бірнеше тұлғаға бағытталуы керек.

Шарт жасаудың міндеттілігі. Заңға сәйкес, шарт жасасудың тараптардың біреуіне міндетті болып табылатын кездер болады. шарт жасауға мүдделі тарап, өзіне ол шарт бойынша ешқандай міндет жүктелмесе де шарт жасау міндетті болып табылатын екінші тарапқа шарт жоспарын жібереді(оферта). Шарт жасауға міндетті болып табылатын тарап шарт жоспарын 30 күннің ішінде қарап қайта жіберу керек: оған келесім бері мүмкін, не басқа талаптарды жылжытуы мүмкін, не одан бас тартуы мүмкін.

Шартты өзгертудің және бұзудың тәртібі. Шартты өзгерту және бұзу шарт жасасу кезінде сияқты белгілі бір ережелерге сүйене отырып жүзеге асырылады. Шартты өзгерту және бұзу өзінің заңды табиғаты бойынша мәміле болып табылады. Демек, бұл кезде де мәміле жасасудың, бұзудың не өзгертудің жалпы ережелері қолданылады. Сонымен қатар шарт түріне байланысты ҚР-ң заңдылығымен шартты өзгертудің және бұзудың арнайы ережелері пайдаланылады.

Тараптардың өзара келісімімен емес, бір тараптың ғана еркі талап етелетін жағдайларда шартқа өзгерістерді енгізу және оны бұзу тәртібі бір бөлек. Бұл кезде шартты өзгертуге мүдделі тарап келесі тарапқа шартты өзгерту немесе бұзу туралы келесі тарапқа ұсыныс енгізуге міндетті. Ұсыныста қабылдаған тарап заңда не шартта көзделген мерзім ішінде, ол болмаған жағдайда 30 күн ішінде шартты өзгерту не бұзу туралы ұсынысты берген тарапқа:

1. Ұсыныспен келісу туралы;
2. Одан бас тарту туралы;
3. Басқа талаптарда шартты өзгерту туралы хабардар етуге міндетті.

Бірінші жағдайда, шартты өзгерту не бұзу туралы ұсыныс жасаған тараппен басқа тараптан келісім келіп түскен сәттен бастап, шарт өзгертілді не бұзылды деп саналады. Екінші жағдайда, және ұсынысты алған тарап белгіленген мерзімде жауап бермеген болса, ұсыныс жасаған тарап сотқа жүгіне алады. Үшінші жағдайда, ұсыныс жасаған тарап контрагент жасаған ұсыныспен келісе алады. Және бұл арада шарт өзгертілді деп есептеледі. Ұсыныс жасаған алғашқы тарап контрагенттің жасаған ұсынысымен келіспеген жағдайда сотқа жүгіне алады.

Орындалған шартты өзгерту не бұзу мүмкін еместігін есте ұстаған жөн. Айталық, пәтерді сатып алу сату шарты жасалды, тараптар барлық формалды әрекеттерді орындап қанағаттанғаннан кейін, шартты қайта қалпына келтіру туралы келісімге келе алмайды.

Шартты өзгертудің және бұзудың салдары. Шартты өзгерту кезінде өзгертілген бөліктегі міндеттемелік қатынастар да өзгереді. М: тараптар тауар жеткізілім шартын жасасу барысында ондағы 1 сортты тауарды 2 сортты тауарға алмастыру туралы келісімге келіп оны тиісінше бекітсе, тапсырушы сортты қайта талап ете алмайды. Ал шарттың басқа бөліктер сол қалпында әрекет ете береді. М: тауар жеткізілім орны, мерзімі, саны т.б.

Шартты сотпен өзгеркенде немесе бұзған жағдайда сотшешімі шыққаннан бастап тиісінше шарт өзгере не бұзылады. Жалпы ереже бойынша тараптар шарт өзгергенге дейінгі қатынастарды талап ете алмайды. М:

Аренда құны келесі айдан бастап 10% төмен болады деп өзгеріс енгізілген жағдайда, арендаға беруші бұрынғы он пайызда талап ете алмайды. Бір тарап екінші тараптың шартты тұрақты түрде орындамауын басшылыққа ала отырып шартты өз бетімен бұзуға құқылы.

Ертедегі Рим заңнамасынан дамыған класикалық кезеңге дейін міндеттеменің қайнар көздері туралы ілімді өңдей отырып, барлық орын алған жағдайлар екі түрге біріктірілді: «contractus», оның ең басты мағынасы «мәміле» («заңды әрекет») және «maleficium» немесе «delictum», яғни «заңға қайшы әрекет»... Ал Гай өзінің «Институция» кітабында бұл мағналарды қайталайды, яғни: «omnis enim obligatio vel ex contractu nascitur, vel ex maleficio» («кез-келген міндеттеме не контрактіден, не құқықбұзушылықтан туындайды»). Сөйте тұра, М.М.Брагинскийдің айтуы бойынша азаматтық құқықтың шешуші түсінігі «азаматтық айналым», мәмілелердің жиынтығын түсіндіреді¹, ол көптеген міндеттемелердің туындау негізін құрайды.

Шарт бойынша жауапкершілік – бұл оны бұзудың, орындамаудың құқықтық салдары, яғни азаматтық құқық бұзушылықты жасау. Тараптардың өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны кезінде контрагентте мүліктік салдар туындайды, бұл өз кезегінде жағымсыз салдарды онда ғана емес, жалпы қоғамға да туғызады. Сондай құқық бұзушылықтарды және олардың жағымсыз салдарын жою мақсатында мүліктік жауапкершілік бекітілген². Қоғамдық тәртіпті қорғау, тұлғаның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің міндеттерін орындау, қылмыстардың алдын алу, жолын кесуде полиция бөлімдері өздерінің негізгі қызметтерінің шеңберінде әр түрлі қатынастарға, оның ішінде шарттық қатынастарға белсенді түрде түсуде. ПО шарттық (азаматтық-құқықтық) қатынастарға қатысу мүмкіндігі ҚР құқық қорғау жүйесіндегі жекеленген бөлімдері заңды тұлға құқықтары мен міндеттеріне ие болуымен алғышартталған. Шартты жасау кезінде ПО басқарушылық өкілеттіктерге ие басқару органдары ретінде емес, заңды тұлға ретінде қатысады. Тараптар шарт жасау кезінде тең құқылы, олар өз іс-әрекеттерін өздері таңдауға құқылы. Мұндай шарттар сот тәртібінде дауланады.

Сонымен қатар, әкімшілік – құқықтық ғылымның өкілдері ПО жасалған азаматтық-құқықтық шарттарды басқару қызметінің нысаны ретінде қарастыратыны жөнінде айтып өткен жөн.¹ Мұндай пікір біздің ойымызша дұрыс емес. Бұған арнайы әдебиеттерде көңіл бөлінген. В.М.Манохин «ПО-н азаматтық-құқықтық шарттарды жасауын басқарушылық қызметтің нысаны ретінде қарастыру заң тұрғысында дұрыс деп санауын ағаттық болады деген. Мұның өзінде бұл орган басқарушы - атқарушылық қызметтің субъектісі болмайды, ол азаматтық құқық пен әкімшілік құқық нормаларының әсеріне

¹ Научно-практический комментарий к части первой Гражданского кодекса Российской Федерации для предпринимателей. М.: Спарк; Хозяйство и право, 1999. С. 59.

² Ручкин О.Ю. Организационно-правовые аспекты участия органов внутренних дел РФ в договорных обязательствах: Дис...канд. юрид. наук. Москва 1997. С.125.

¹ Административное право: Методы и формы государственного управления. - М, 1994. С. 28.

түсетін мүліктік құқықтардың субъектісі»². Бұдан келетін тұжырым шарт әкімшілік құқықтың құқықтық құралы емес, шарттың түсінігін, оның жасалу, орындау, тоқтату тәртібін бекітетін нормалардан тұратын азаматтық құқықтың құқықтық құралы. Жалпы тәртіп бойынша шарттық қатынастар туындауының негізі болып сол құқықтық салдарға әкеліп соқтыратын, соған бағытталған тұлғалардың заңдық, құқықтық әрекеттері табылады. ПО үшін мұндай заңдық фактілер болып шарт табылады. Бірақ әкімшілік акт сияқты заңдық фактінің маңызы зор, өйткені ПО қатысуымен жасалатын шарттық қатынастар көбнесе әкімшілік-құқықтық сипаттағы актілерге негізделген. Ал өз кезегінде ҚР АҚ 8-бабы әкімшілік актіні азаматтық құқықтар мен міндеттер туындау негізінің бірі ретінде анықтайды. Өздерінің тәжірибелік қызметтерінде мемлекеттік мекемелер – ҚР ПО-ы азаматтық құқықтар мен міндеттердің туындауын әкімшілік актіге және шартқа негізделуімен, болмаса әкімшілік актінің азаматтық-құқықтық шартты жасауды қажет етіп қойуымен жиі кездеседі. ПО әкімшілік актісі болып ҚР Үкіметінің тиісті қаулыларына негізделген ведомстволық нормативтік актілер табылады.

ПО шарттық қатынастарға қатысуы мен ерекшелігінің негізгі алғышарттары бар. ПО шарттық қатынастарға қатысуының алғышарттары болып келесі факторлар табылады¹:

1. ПО бұл қатынастарға қатысуға қызығушылық білдіруі қосымша табыстарды табу мүмкіндігіне байланысты.

2. Бұл субъектілердің шарттық қатынастарға қатысуына мемлекеттің тәжірибелік қажеттілігі.

3. ПО қызметтерінің негізгі бағыттарының туындайтын шарттық қатынастардың мазмұны мен сипатына сәйкестігі.

О.А.Баниннің ПО-мен жасалатын шарттары төрт топқа бөлінеді²:

1. Мүлікті беруге бағытталған шарттар жатады. Олардың қатарына ПО-н жасалатын жалдау шарттарын жатқызуға болады.

2. Жұмыстарды орындауға бағытталған шарттар жатады. Оларға ПО-н шаруашылық қызметінде кеңінен қолданылатын мердігерлік шарттарын жатқызуға болады.

3. Қызмет көрсетуге бағытталған шарттар жатады. Бұл топқа ПО жүйесінде ең көп таралған объектілерді күзету бойынша шарттар кіреді. Оған арнайы бөлімдермен, яғни «Күзет» РМК-мен объектілерді күзету туралы шарттар және ҚР территориясы бойынша жүктерді (мүліктерді) алып бару мен күзету қызметі туралы шарттар кіреді.

4. Несие ұйымдарымен міндеттеме орындауға бағытталған шарттар жатады. Олар екі негізгі түрден құралады: қарыз және банктік несие шарты. Қазіргі таңда мұндай шарт түрлерін жоғарыда айтылғандардың бірінші тобындағы несие ұйымдарының міндеттемелері бойынша қолданады.

2. Жеке күзет қызметі өтемелі қызмет көрсетудің түрі ретінде

² Манохин В.М. Административное право. Курс лекций. Вып.1. Часть общая.

Күзет қызметі – бұл заңды тұлғалардың жеке адамдардың өмірін, денсаулығы мен мүлкін және заңды тұлғалардың мүлкін құқыққа қайшы қол сұғушылықтардан қорғау қызметін көрсету жөніндегі жүзеге асырылатын қызмет (көрсетілетін күзет қызметі).

Күзет қызметін жүзеге асырудың құқықтық негізін:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы,
2. Күзет қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 19 қазандағы Заңы
3. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттары
4. Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері.

Күзет қызметінің негізгі міндеттері:

- 1) жеке адамдардың өмірі мен денсаулығын қылмыстық және өзге де құқыққа қайшы қол сұғушылықтардан қорғау;
- 2) жеке және заңды тұлғалардың мүлкін құқыққа қайшы қол сұғушылықтардан қорғау.

Күзет қызметін 2 түрге бөлеміз:

1. Мемлекеттік күзет қызметі
2. Жеке күзет қызметі.

Мемлекеттік күзет қызметі – мемлекеттік күзетілуге жататын объектілерге қатысты жүзеге асырылады және лицензиялауға жатпайды.

Жеке күзет қызметі - өзінің кәсіпкерлік қызметі ретінде күзет қызметтерін көрсететін коммерциялық ұйыммен жүзеге асырылады және лицензиялауға жатады.

Күзет қызметін жүзеге асыратын субъектілер:

- 1) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері
- 2) жеке күзет ұйымдары

Мемлекеттік күзетілуге жататын объектілер:

- 1) аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілер;
- 2) стратегиялық маңызы бар және жарғылық капиталында акцияларының бақылау пакетін (қатысу үлестерін) мемлекет тікелей немесе жанама түрде иеленетін заңды тұлғаларға тиесілі экономика салаларының объектілері

Мемлекеттік күзет қызметінің субъектілері:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары
2. Ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері
3. Қарулы Күштер
4. Басқа да әскерлері мен әскери құралымдары
5. Арнаулы мемлекеттік органдар

Жеке күзет қызметі мынандай нысандарда жүзеге асырылады:

- 1) жеке адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау;
- 2) жеке және заңды тұлғалардың объектісін және (немесе) мүлкін, оның ішінде оны тасымалдау кезінде күзету;
- 3) күзету тәсілдері мен құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан заңды қорғану бойынша кеңестер беру және ұсынымдар дайындау

4) ерікті түрде қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысу.

Шарттық қатынастарда әрекетке қабілетті жеке тұлғалар түседі, ал коммерциялық қатынастарға жанама болып келетін шарттарда кәсіпкер, заңгерлік тұлға мәртебесі бар азаматтар түседі.

Шарттың нәрсесі болып заттар, құнды қағаздар, қозғалмайтын мүліктер, мүліктік құқылар және азаматтық құқылардың басқа объектілері.

Мүліктік айналымға қатысушы кәсіпкер және заңгерлік тұлғалар шартты орындамағандығы үшін жауап беретін мүліктің меншік иесі немесе титулдық иесі болып табылады.

Негізінен «шарт» деген термин көпмағыналы. Шарт бұл ең алдымен белгілі құқылық нәтижеге (азаматтық құқыны және міндеттемені бекіту, өзгерту, тоқтату) қол жеткізуге бағытталған құқылы әрекетке жататын заңгерлік факт. Шарт деп тараптардың келісімінен пайда болған міндеттемелік құқылық қатынас (мысалы, сатып алу-сату шарты). Сонымен бірге, шарт деп келісімнің жазбаша мәтіні болып келетін құжаттың өзі табылады.

Келісім ретінде шарт практикалық мәнге иеленеді егер шарттық қатынасқа түсетін тараптар өз құқыларын және міндеттерін белгілесе. Шарттың мазмұнын құрайтын тараптардың құқылары мен міндеттерінің жиынтығы. Бірақта тараптардың азаматтық-құқылық шартта көрініс тапқан құқылары мен міндеттері тепе-теңдік, ерік пен мүліктік жауаптылық тәуелсіздігі, шарттық қатынастарға қатысушылардың дербестігі қағидаларына жауап беруі керек.

Егер шарттан туылатын азаматтық-құқылық міндеттемелердің мазмұны туралы айтатын болсақ, ол қандайда болмасын азаматтық-құқылық міндеттемеге қатысты формуланың көмегімен ашады: міндеттеменің күшіне орай бір тұлға (борышқор) басқа тұлғаға (несие берушіге) белгілі әрекетті жасауға міндетті: мүлікті беру, жұмысты орындау, ақшаны төлеу және т.б. немесе белгілі бір әрекетті жасаудан бас тартуға мүмкіндігі бар, ал несие беруші борышқордан өзінің міндеттемелерін орындауды талап ете алады (АК 268 б.).

Шарт дегеніміз – бұл мәмілелердің кеңінен таралған түрі, қандайда болмасын азаматтық-құқылық мәміле азаматтық құқылар мен міндеттерді бекітеді, немесе тоқтатады. Сол себепті шарт мәмілелердің барлығына қатысты жалпы қағидаларды қолданады, соның ішінде мәмілелердің жарамдылығының шарттары туралы, олардың формалары туралы және т.б.

Мәмілелер сияқты шарт ерікті акті болып келеді. Бірақта осы ерікті акт өзіне қатысты өзіндік ерекшеліктерге иеленеді. Ол өз алдына екі немесе оданда көп тұлғалардың ерікті әрекеттерін сипаттайды. Осы жалпы ерік шартта рәсімделіп және бекітілу үшін ол қандайда болмасын сыртқы ықпалдан еркін болуы керек. Сол себепті АК 380 б. шарттың еркіндігін қамтамасыз ететін бір қатар қағидаларды бекітеді.

Біріншіден, шарт бостандығы азаматтық құқының субъектілері шартты жасау немесе жасамау сұрақтарын еркін шеше алады. АК 380 бабының 1 тармағында «азаматтар және заңды тұлғалар шарт жасасуға ерікті. Осы Кодексте, заң құжаттарында немесе өз еркімен қабылдаған міндеттемеде шарт жасасу міндеті көзделген ережелерді қоспағанда, шарт жасасуға

мәжбүр етуге жол берілмейді». Осы күнде шартты жасау міндеттемесі заңмен бекіту ережелері көп емес. Шарттарды жасау қоғамның талабына жауап беретін болған сәттерде бұл ережелер орын алады. Мысалы, АҚ 306 бабының 1 тармағына сәйкес, кепіл беруші немесе кепіл ұстаушы кепілге салынған мүлік кімде екендігіне орай егер заңда немесе шартта басқасы көрсетілмесе кепілге салынған мүлікті сақтандыруға міндетті.

Екіншіден, шарттың еркіндігі шартты жасауда бірге қызметтесушіні таңдауға ерікті білдіруді сипаттайды. Жоғарыда көрсетілген мысалда, кепіл бешуші немесе кепіл ұстаушы заңға сәйкес кепілге салынған мүлікті сақтандыру шартын жасауға міндетті, онда сақтандырушыны таңдау еркіндігі сақталады.

Үшіншіден, шарт еркіндігі азаматтық айналымға қатысушылардың қатынасты бекітуге мүмкіндік беретін шарт түрін таңдау еркіндігін ұсынады. АҚ 380 бабының 2 тармағы бойынша тараптар заңмен немесе басқа құқылық актілермен бекітілген не бекітілмеген шартты жасауға құқылары бар. Сонымен қатар, тараптар заңмен немесе басқа құқылық актілермен бекітілген не бекітілмеген әрқилы шарттардың элементтері бар шарттарды (аралас шарттар) жасауға құқылы. Тараптардың аралас шарттар бойынша қатынастарына, егер тараптардың келісімінен немесе аралас шарттың мәнінен өзгеше туындамаса, аралас шартта элементтері бар шарттар туралы заңдардың тиісті бөліктері қолданылады (АҚ 381 б.). сөйтіп бірлесіп қызметтесу шарттарын, бірге қызметтесу туралы шарттарды жасау мен орындау практикасында пайда болатын күрделі сұрақтарды тиімді шешу үшін құқылық база құрылды.

Төртінші, шарт еркіндігі шарт ережелерін анықтауда тараптардың еркіндігін түсіндіреді. АҚ 382 бабының 2 тармағы сәйкес шарт ережелері тараптардың еркі бойынша егер тиісті шарттың жағдайы заң немесе басқа құқылық актілермен туындаған сәттерде айғақталады.

Тиісті шарттың мазмұны, заңдармен жазылған ережелерден басқасында, шарт ережелері тараптардың өз қалауы бойынша белгілінеді.

Шарттың ережесі заңдарға сәйкес қолданылатын қалыппен көзделген реттерде, егер тараптардың келісімімен өзгеше (диспозитивтік қалып) белгіленбесе, тараптар өздерінің келісімдерімен қалыптың қолданылуын жоя алады немесе сол қалыпта көзделгеннен өзгеше жағдайды белгілей алады (АҚ 382 б. 1 т.).

Егер шарттың ережесін тараптар немесе диспозитивтік қалып белгілемеген болса, тиісті ережелер тараптардың қатынастарында қолданылатын іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтармен белгілінеді (АҚ 382 б. 2 тармағы).

АҚ 553 бабында жалға алушы, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, мүлікті дұрыс күйде ұстап-тұтуға, ағымдағы жөндеуді өз есебінен жүргізуге және мүлікті ұстап-тұтуға кететін шығындарды көтеруге міндетті.

Шарттың еркіндік қағидасының жүзеге асу жағдайында тараптардың шарттық қатынастарын заңнама тұрғысында реттеу мүмкіндігі жоққа шығарылмайды. *Диспозитивтік нормалармен бірге шарттық қатынастарды реттеудің екі деңгейі бар.*

Біріншісі, заңнама өзіне кейбір шарттардың ережелерін негіздейтін императивтік нормаларды қамтиды. Императивтік нормалардың болуы жариялық қызығушылықтарды не азаматтық-құқылық қатынастардағы әлсіз тараптардың құқыларын қорғауды қамтамасыз ету қажеттілігімен белгіленеді. Мысалы, тұтынушылардың құқылары. Сөйтіп, АҚ 387 бабының 2 тармағына сәйкес тұтынушылардың кейбір категорияларына жеңідік беру заңдармен жол берілген ережелерді қоспағанда, тауарлардың, жұмыс пен қызметтің бағасы, сондай-ақ жария шарттың өзге ережелері тұтынушылардың бәріне бірдей болып белгіленеді.

Шарттың ережелері императивтік нормаларға сәйкес болуы қажет. Әйтпесе олар жарамсыз деп танылады. Бұл жайт шарт жасалған уақытта күші бар заңмен және басқа құқылық актілермен белгіленген тараптар үшін міндетті ережелерге қатысты.

Осыған орай, шарттық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған АҚ қағидалық ережелеріне аса назар аудару керек: егер шартты жасалғаннан соң шарт жасалған кезде қолданылып жүрген ережелерден өзгеше, тараптар үшін міндетті ережелер заңдармен белгіленген болса, жасалған шарттың ережелері оның күні бұрын жасалған шарттардан туындайтын қатынастарға да қолданылады деп заңдармен белгіленгендегіден басқа ережелерде, өз күшін сақтайды (АҚ 383 бабының 2 тармағы).

Былай айтқанымызда, шарттарға «заңдардың кері күші жоқ» деген жалпы қағида қолданылады, бұл азаматтық айналымға тұрақтылықты береді. Шартқа қатысушылар заңда болған өзгерістер олардың жасаған шарттарының ережелерін өзгерітпейді.

Шарттық қатынастарды реттеудің **екінші** деңгейі іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарды. Іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтар Қазақстан Республикасы аумағында қолданылып жүрген азаматтық заңдарға қайшы келмесе, солармен реттелуі мүмкін (АҚ 3 бабының 4 тармағы). Іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардың қолданылуы сыртқы саудалық мәмілелермен ғана шектеледі. Бірақта нарықтық қатынастардың дамуы іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардың толық бір жүйесін талап етеді. Осы бағыттағы алғашқы қадам болып шарттық қатынастарға іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтар ретінде өнімдердің және тауарлардың белгілі бір түрлерін жеткізу туралы жобалы және типтік шарттарын қолдануын айтамыз.

Егер шарттың ережелері императивтік нормалармен, не тараптардың келісімімен, не диспозитивтік нормалармен белгіленбеген болса шарттық қатынастарға іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтар қолданылады. Осындай қорытынды АҚ 382 бабының мәтінен шығады.

Сөйтіп, шарттың анықтамасын беруіміз қажет. Қазақстан Республикасы АҚ 378 бабайна сәйкес *«екі немесе бірнеше тұлғалардың азаматтық құқыларды және міндеттерді анықтау, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімі шарт деп аталады»*.

Шарттың түрлері.

Көптеген азаматтық-құқылық шарттар жалпы қасиеттерімен бірге белгілі ерекшеліктерге ие. Осы ерекшеліктер оларды бір-бірінен айыруға мүмкіндік береді. Осы көптеген және әрқилы шарттардың ішінде дұрыс жөн табу үшін оларды белгілі бір түрлерге бөлу қажет. Осы жіктеудің негізінде мақсатты көздейтін әрқилы категориялар жатады. Шарттарды белгілі категорияларға бөлудің теориялық бірге практикалықта маңызы бар. Олар азаматтық айналымға қатысушыларға өз қызметтерінде шарттардың маңызды жақтарын анықтауға және іс жүзінде қолдануға, практикада өз қажеттіліктеріне жауап беретін осындай шартқа жүгінуге мүмкіндік береді.

Құқылардың және міндеттердің пайда болуына орай олар *нақты* және *консенсуалдық* шарттарға бөлінеді. Егер шарт оның нәрсесін алдын-ала келісім бойынша беру әрекеттер арқылы жасалса, онда ол *нақты* (займ шарты) деп аталады. Ал, егер шарт жасалды деп санау үшін маңызды ережелері бойынша тараптардың келісімі ғана қажет болса, онда шарт *консенсуалдық* (сату-сатып-алу, жалдау және т.б.) деп аталады.

Шарттар **ақылы** және **ақысыз** болып келеді (АКЗ84 б.).

Азаматтық-құқылық шарттарының көп бөлігі – **ақылы**, осы шарттардың ерекше белгісі ретінде, өз міндетін орындаушы тарап осы үшін екінші тараптан ақы алуы керек немесе қарсы ұсынысты алуы керек (сату – сатып-алу, аренда, сақтау шарттары және т.б.).

Ақысыз шарттар деп тараптың біреуі екінші тарапқа одан ақы алмай немесе еш нәрсе бермей бір нәрсені ұсынуды міндетіне алған шартты атайды. Ақысыз ашрттарға мұрагерлік шарттар, мүлікті ақысыз пайдалану шарты және т.б.

Шарттарды ақылы мен ақысызға бөлу тараптардың мүлік жауапкершілігі туралы сұрақтарды шешу үшін қажетті. Шарттан материалдық пайданы көре алмайтын тұлғаның жауапкершілігі шартты өз қызығушылығы үшін жасайтын тарапқа қарағанда аса емес. Осы тұлғадан алдын-ала сақтану, мүлікті қорғау және т.бс. шараларды қабылдауды талап етет алмаймыз. Азаматтардың арасында жасалған ақысыз сақтау шарты бойынша сақтаушы сақтауға берілген мүлікке өзінің мүлкіне деген қатынастан кем не аса қарай алмайды.

Құқылармен міндеттердің ара қатынасына орай *шарттар бір жақты* немесе *өзаралықтарға* бөлінеді. Біріншісі бойынша тараптардың біреуінде тек құқылары бар, ал екіншісінде тек міндеттемелер. Мысал ретінде займ шартын келтіруге болады, займ берушіде борышты қайтаруды талап ету құқығы бар, ал заем алушыда борышты қайта міндеті бар.

Өзаралық міндеттемелік шартта тараптардың әрбіреуінде құқылар мен бірге міндеттерде бар. Сату – сатып алу шарты бойынша сатушы сатып алушыға зат беруге міндеттенеді және белгілі ақша сомасын беруді талап етуге құқығы бар, ал сатып алушы ақша сомасын төлеуге міндетті және затты беруді талап етуге құқылы.

Шарттар, сонымен бірге *негізгі* және *алдын-алалық* шарттарға бөлінеді.

Мүлікті беруге, жұмыс орындауға және қызмет көрсетуге байланысты құқықтар мен міндеттер тікелей негізгі шарттан туындайды. Алдын-ала шарт денегіміз – сол шартта көзделген ережелерді сақтап тараптардың келешекке

негізгі шарт жасасуға міндет алған шарт (Қазақстан Республикасы АҚ 390 б. 1 тармағы).

Алдын-ала шарттың функциясы оған қатысушылардың қызметін жоспарлау. Алдын-ала шарт заңды тұлғалармен бірге азаматтардың арасында жасалады.

Алдын-ала шарттың мазмұнына келесі ережелер енеді. Ең алдымен жасалатын негізгі шарттың атауы көрсетілуі қажет және оның тараптары айқындалуы керек. Мысалы: “тараптар сатып алу-сатудың негізгі шартының келесі ережелерімен келіседі. Х акционерлік қоғам сатушы ретінде қатысады, ал Y жауапкершілігі шектеулі серіктестік сатып алу ретінде қатысады”. Егерде осындай шарт нақты заңнамамен ескерілмесе, онда оның мәні несие беруінің және борышқордың көрсетуімен түсіндірілуі керек.

Алдын-ала шартта негізгі шарттың нәрсесі көрсетілуі керек. Егер бұл несие берушілік шарт болса, онда нәрсесі болып несие сомасы: егер тапсырма шарты туралы сөз қозғалса, онда тапсырылатын заңгерлік әрекеттердің мінезін ашу қажет, және т.б.

Алдын-ала шарт негізгі шарт үшін бекітіліген нысанда жасалады. Мысалы, егер тұрғын үйді сатып алу-сату туралы негізгі шарт нотариалдық тұрғыда куәландырылуы қажет болса, онда алдын-ала шартта нотариалдық куәландырылуы керек. Егер негізгі шарттың нысаны анықталмаса, онда алдын-ала шарт жазбаша нысанда жасалады. Алдын-ала шарттарға қатысты нысандар туралы ереже сақталмаса онда шарт жарамсыз болады.

Алдын-ала шартпен ескерілген міндеттемелер тоқтатылады, егерде тараптардың негізгі шартты жасау мерзімінің аяқталынуына дейін ол жасалмаса не тараптардың біреуі екіншісіне осы шартты жасау туралы ұсынысты бағыттама, сонымен қатар міндеттемелердің тоқтатылуының жалпы негіздері бойынша.

Егер тараптардың біреуі негізгі шартты жасаудан жалтарса, онда екінші тарап сотқа ықтиярлы тұрғыда шартты жасату туралы талаппен арыздануға құқылы. Сонымен бірге, негізгі шартты жасаудан негізсіз жалтарған тарап екінші тарапқа осынысымен келтірген залалын келген залалдың мөлшері жәбірленушімен дәлелденеді. Залалға келген нақты залал (бұзылған құқықтарды қайта қалпына келтіру үшін, жоғалтқан немесе бұзылған мүлікті қалпына келтіру үшін алынған немесе алынатын шығындар), және жіберіп қойған табысты (жәбірленуші өз құқықтары бұзылмаған сәтте қарапайым азаматтық айналым жағдайларында алынбаған табыс) енеді.

Қосылу шарты өзінің жасалу процедурасы жағынан басқа шарттардан өзгеше. Егер әдеттегі шарт хат алмасу, шарт ережелерін келісу жолымен жасалса, қосылу шартының ережелерін бір тарап дайындайды, ол стандартты формаларда (бланк, формуляр, т.б.) анықталады. Екінші тарап шартқа ешқандай өзгерту енгізе алмайды. Егер енгізетін болса шарт қосылу шартынан жай шартқа айналады.

Қосылу шарттарында әдетте тараптың біреуі болып коммерциялық ұйым, ал екіншісі – тұтынушы табылады, былай айтқанда біреуі әлсіз тарап болып табылады. Заң қосылған тарапқа оның жасаған шартын бұзуға немесе

өзгертуге құқы береді, егер ол заңға және басқа құқылық актілерге қайшы келмесе де, бірақта шарт бойынша берілген тараптың құқыларын шектесе, басқа тараптың міндеттемені бұзғандығы үшін жауапкершілігін шектесе.

Көрсетілген ереженің шектеуі бар. Шартқа қосылған тарап өзінің кәсіпқойлық қызметін атқарумен байланысты шартты бұзу немесе өзгерту туралы талабы қанағаттандырылмайды, егер қосылған тарап шарттың жасалған ережелерін білсе немесе білу мүмкіндігі болса.

3. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің денсаулығы мен өмірін сақтандырудың құқықтық негіздері

Азаматтық кодексінің 805-бабына сәйкес **сақтандырудың мынандай нысандары бар:**

- 1) міндеттілік дәрежесі бойынша - ерікті және міндетті;
- 2) сақтандыру объектісі бойынша - жеке және мүліктік;
- 3) сақтандыру төлемін жүзеге асыру негіздері бойынша жинақтаушы және жинақтаушы емес

Міндетті сақтандыру – бұл егер сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін заңнамалық актілерде өзгеше белгіленбесе, талаптары тараптардың келісімімен айқындалатын, заңнамалық актілердің талаптарына орай жүзеге асырылатын сақтандыру.

Азаматтың өмірін, денсаулығын, еңбекке қабілеттілігін және жеке басына байланысты өзге де мүліктік мүдделерін сақтандыру **жеке сақтандыруға жатады**

Міндетті әлеуметтік сақтандыру - еңбек ету қабілетінен айрылуына және (немесе) жұмысынан айрылуына, сондай-ақ асыраушысынан айрылуына байланысты, жүктілігіне және босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына және бір жасқа толғанға дейінгі бала күтіміне орай табысынан айрылуына байланысты табыстың бір бөлігін өтеу үшін мемлекет ұйымдастыратын, бақылайтын және кепілдік беретін шаралар жиынтығы;

Міндетті әлеуметтік сақтандыру **мынадай түрлерге бөлінеді:**

- 1) еңбек ету қабілетінен айрылған жағдайда;
- 2) асыраушысынан айрылған жағдайда;
- 3) жұмысынан айрылған жағдайда.
- 4) бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айрылған жағдайда
- 5) жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына байланысты табысынан айрылған жағдайда;
- 6) жүктілігіне және босануына байланысты табысынан айрылған жағдайда

Ішкі істер органдарының қызметкеріне қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқарып жүрген кезеңінде мертіккен жағдайда, ал ол

қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда өтем алуға құқығы бар адамдарға бір жолғы өтем төленеді, **өтем мына жағдайлар бойынша жүргізіледі:**

1) ішкі істер органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын орындау кезінде не қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде алған жарақат салдарынан қызметтен босатылғаннан кейінгі 1 жыл ішінде қаза тапқанда (қайтыс болғанда);

2) ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезіндегі жарақаты, жаралануы (контузия алуы), зақымдануы, науқастануы салдарынан болған мүгедектік белгіленгенде;

3) ішкі істер органдарының қызметкерлері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде мүгедектікке соқтырмайтын ауыр зақым (жарақат, жаралану, контузия) алғанда.

Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезіндегі жарақаты, жаралануы (контузия алуы), зақымдануы, науқастануы салдарынан болған мүгедектік белгіленгенде, оларға:

1) бірінші топтағы мүгедекке - отыз айлық ақшалай үлесі;

2) екінші топтағы мүгедекке – он сегіз айлық ақшалай үлесі;

3) үшінші топтағы мүгедекке – алты айлық ақшалай үлесі мөлшерінде бір жолғы өтем төленеді.

№ 3 тақырып. Құқық қорғау органдарының зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелерді іске асыру проблемалары

ЖОСПАР:

1. Азаматтық-құқықтық жауаптылықты анықтаудың концептуалдық және әдістемелік тәсілдері.

2. Зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелердің ерекшеліктері мен мәні.

3. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің іс-әрекеттерімен келтірілген зиян үшін жауаптылық.

1. Азаматтық-құқықтық жауаптылықты анықтаудың концептуалдық және әдістемелік тәсілдері

Азаматтық-құқықтық жауаптылықтың ұғымы:

М.И. Брагинский “Міндеттемені бұзғаны үшін жауаптылық деп міндеттемені бұзған борышкерге заңмен белгіленген мүліктік ықпал етуді айтады.

Міндеттемені бұзған үшін жауаптылықтың 2 нысаны бар:

1) келітірілген залалды өтеу;

2) айып төлеу”.

О.С. Иоффе “Азаматтық-құқықтық жауаптылық міндеттеме бұзған үшін оны бұзушы тұлғаны субъективтік азаматтық құқықтарынан айыру немесе қосымша азаматтық-құқықтық

жауаптылық жүктеу түріндегі жағымсыз салдар тудыратын санкция”.

В.П. Грибанов “Азаматтық айналымның заңды, әрі тең құқылы қатысушыларының бұзылған құқықтарын қалпына келтіру мен қалыпты экономикалық қатынастарын ынталандыруға бағытталған мүліктік сипаттағы санкцияларды қолданумен байланысы бар мемлекеттік мәжбүр етудің бір нысаны”.

Азаматтық-құқықтық жауаптылық – бұл жеке және заңды тұлғалар мен мемлекеттің бұзылған азаматтық құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған субъектінің мүліктік сипаттағы жағымсыз салдарды көтеру міндеті.

Азаматтық-құқықтық жауаптылықтың белгілері

- 1) жауаптылықтың негізі болып тұлғаға немесе басқа тұлғаның мүлкіне мүліктік зиян келтіретін тұлғаның әрекеті табылады;
- 2) мемлекеттік немесе басқа мәжбүрлеу (әдетте);
- 3) мүліктік сипаты;
- 4) жауаптылық көлемінің келтірілген зиянның немесе шығынның көлеміне сәйкес келуі;
- 5) біртекті құқықбұзушылықтар үшін азаматтық айналымның әр түрлі қатысушыларына шаралар көлемі бойынша тең жауаптылықты қолдану

Келтірілген нұқсан үшін жауаптылықтың жалпы негіздері

1. Зиянның орын алуы (мүліктік немесе мүліктік емес; нақты және жіберіп алған пайда).
2. Келтірілген зиянның құқыққа қайшылығы.
3. Зиян келтіруші әрекеті мен туындаған зиянның арасындағы себептік байланыс.
4. Зиян келтірушінің кінәсі (қасақана немесе абайсызда).

Азаматтық-құқықтық жауаптылықтың негіздері

Азаматтық-құқықтық жауаптылықтың негіздері – бұл жиынтығында азаматтық құқықбұзушылықтың құрамын құрайтын және құқық бұзушыны жауаптылыққа тарту үшін қажетті, жеткілікті шарттардың жүйесі.

Осы құқықтық құрылымға сәйкес құқықбұзушылықтың мынандай элементтері бар – объектісі, субъектісі, объективтік жағы, субъективтік жағы.

Объектісі – мемлекетпен қорғалатын жеке-құқықтық қатынастардың тобы.

Субъектісі – тікелей зиян келтіруші. Алайда азаматтық-құқықтық жауаптылықтың субъектісі әрқашан нұқсан келтіруші тұлға бола бермейді.

Объективтік жағы жасалған құқыққа қайшы әрекеттің немесе әрекетсіздіктің сыртқы көрінісі.

Субъективтік жағы зиян келтірушінің жасалған құқықбұзушылыққа қатысты психикалық көзқарасы, яғни кінәсі.

Кінә қасақаналық (тікелей немесе жанама) және абайсыздықпен (менмендік және немқұрайлылық) сипатталады.

Азаматтық құқықта кәні деп құқықбұзушымен шарт (мәміле, міндеттеме) сипаты бойынша талап етілген қажетті сол бір сақтық пен

камқорлық дәрежесіндегі шартты тиісті түрде орындауға бағытталған барлық шараларды қабылдамауды айтуға болады.

Алайда кінәнің болуы әрқашан жауаптылық шарасын қолданудың міндетті шарты болмайды.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде туындайтын жағдайларда оған жүктелген міндеттемені тиісті түрде орындамаған тарап кінәсіне карамастан жауаптылықта болады.

Алайда кәсіпкер егер міндеттемені тиісінше орындамауы еңсерілмейтін күштің, яғни, осы жағдай кезінде төтенше және тоқтата алмайтын күштің салдарынан болса, жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Азаматтық құқықта жауапкер кінәсінің презумпциясы бар. Ол бойынша әбірленуші шартты бұзуда тек бұзу фактісін дәлелдеу қажет, ал залалдарды өтеу кезінде сонымен қатар олардың бар болуын, мөлшерін және себептік байланысты да дәлелдеу қажет.

Азаматтық-құқықтық жауаптылық түрлері:

1. Мүліктік зиян келтірген үшін жауаптылық:

- 1) Шарттық жауаптылық
- 2) Шарттан тыс жауаптылық

2. Моральдық зиян келтірген үшін жауаптылық

Азаматтық құқықта жауаптылықтың бірінші түрі екіншісіне қарағанда кең таралған және көп жағдайларда қолданылады.

Міндеттеменің бұзылғандығы ұғымы

Міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі. Тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда борышқор бұл туралы несие берушіге дереу хабарлауға міндетті.

Міндеттемені бұзғандық үшін борышқорды жауапқа тарту несие берушінің талап етуі бойынша жүргізіледі.

Міндеттеменің бұзылғандығы үшін жауапкершілік негіздері

Борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді. Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің рынокта болмауы жатпайды.

Заңдарда немесе шартта жауапкершіліктің және одан босатылудың өзге

негіздері ескерілуі мүмкін.

Міндеттемені қасақана бұзғаны үшін жауапкершілікті жою немесе шектеу туралы алдын-ала жасалған шарт жарамсыз болады.

Залалдар және айып төлеу (убытки и не устойка)

Егер міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісті дәрежеде орындалмағаны үшін айып төлеу белгіленсе, залалдар айып төлеумен жабылмаған бөлігінде өтеледі. Заңдарда немесе шартта залалдарды емес, айып төлеуді өндіріп алуға жол берілетін; залал толық сомасында айып төлеуден тыс өндіріп алынуы мүмкін; несие берушінің таңдауы бойынша не айып төлеу, не шығын өндіріп алынуы мүмкін болатын жағдайлар көзделуі ықтимал.

Міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісті дәрежеде орындалмағаны үшін шектелген жауаптылық белгіленген жағдайларда айып төлеу арқылы жабылмаған бөлігінде, не одан тыс, не оның орнына өтелуге жататын залал осындай шектелумен белгіленген шекке дейін өндіріп алынуы мүмкін.

Азаматтық-құқықтық жауаптылықтың түрлері:

1) **Залалдарды өтеу**

2) **Айып төлеу**

Шартты бұзудың салдарын жою үшін жәбірленушімен жұмсалатын немесе жұмсалуды тиіс шығындар.

Жәбірленушінің ақауы бар борышкердің кінәсінен жойылған немесе бүлінген мүліктің құны.

Шарт бұзылуының болмауы кезінде алынуы мүмкін болған алынбаған кірістер (жіберіп алынған пайда).

Міндеттеменің бұзылуынан туындаған залалдардың орнын толтыру

Міндеттемені бұзған борышқор несие берушіге оның бұзылуынан туындаған залалдың орнын толтырып беруге міндетті. Айып төлеумен қамтамасыз етілген міндеттемедегі залалдың орнын толтыру осы Кодекстің 351-бабында көзделген ережелермен белгіленеді.

Міндеттеменің бұзылуынан туындаған залалдың орнын толтырудан борышқорды босату жөніндегі тараптардың міндеттеме бұзылғанға дейін қабылдаған келісімі жарамсыз болады, алайда тараптар өзара келісім бойынша мүліктегі нақты келтірілген зиянды ғана өндіріп алуды көздеуі мүмкін.

Егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, залалды анықтаған кезде, міндеттеме орындалуға тиісті жерде, борышқор несие берушінің талабын өз ықтиярымен қанағаттандырған күні, ал егер талап ерікті түрде қанағаттандырылмаса, талап арыз берілген күні қолданылған баға назарға алынады. Мән-жай негізге ала отырып, сот шешім шығарған күні не нақты төлем төленген күні қолданылған бағаны назарға ала келіп, залалдың орнын толтыру туралы талапты қанағаттандыра алады.

Айырылып қалған пайданың мөлшерін анықтаған кезде оны алу үшін несие беруші алдын ала қолданған шаралар және осы мақсатта жасалған дайындықтар ескеріледі.

Егер мұның өзі міндеттемені бұзғаны үшін жауапкершіліктен жалтару мақсатымен жасалғанын дәлелдесе, несие беруші борышқордың, сондай-ақ оның мүлік иесінің кез-келген іс-әрекетін жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.

2. Зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелердің ерекшеліктері мен мәні

ҚР АҚ 8 б. 1 т. сәйкес азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне тиесілі құқықтарды, оның ішінде қорғауға құқығын өз қалаулары бойынша пайдаланады.⁷ Бұл құқықты жүзеге асырумен байланысты сұрақтардың барлығы, олардың көлемі мен жүзеге асырудың тәсілі, сонымен қатар сол бір субъективтік құқықтан бас тарту құқыққа өкілетті тұлғаның қалауымен болатын шеңбердің ішінде болатынын түсіндіреді. Азаматтық заңнама құқық қатынасқа түсуші қатысушылардың белгілі бір мұқтаждықтарын қатанағаттандыру үшін азаматтық құқықтар мен міндеттер белгілейді. Субъективтік азаматтық құқық белгілі бір жағдайда номианлды болып қала беруі мүмкін. Оның іс жүзінде жүзеге асуы үшін субъективтік құқықтың мазмұнын құрайтын әрекеттерді жасау түсінілетін, құқықты жүзеге асырудың белгілі бір механизімі қажет.

Қоғамдық қатынасатарды азаматтық-құқықтық реттеу барысында азаматтық құқықтың субъектілері субъективтік құқықтар мен міндеттерге ие болады, оның өзінде олардың мінез-құлқын алдын ала анықтайтын құқықтық реттеудің (рұқсат беру, шектеу қою, тиым салу) тәсілдері қолданылады. Қарастырылып отырған азаматтық құқықтық қатынастың заңды мазмұнын зерттеудің нәтижесінде оларды басқа азаматтық құқық қатынасатардан шектеудің өлшемдері қалыптастырылды. Міндетті және құзыретті тұлғалар сияқты белгілеріне қарай олар абсолютті және жанама (қатысты) деп жіктелді.

Абсолютті құқықтың мәнісі бұл құқықты иеленушінің өзінің құқықтарын басқа тұлғаларға жүктеу емес, оны өзінің жүзеге асыруында болып отыр. Сондықтан мұндай құқықты, мысалы меншік құқығын құқық қатынастан тыс жүзеге асыру мүмкін. Белгілі бір тұлға меншік иесінің құқығын бұзған уақытта ғана меншік иесінің негаторлық құқыққа ие болу арқылы өзінің мүліктік құқығын жүзеге асыру үшін кім кедергі келтіретініне қарсыласатын және оның мүлкін иеленуші меншік иесі болып табылмайтындардың қандайда қарсылығына қарамастан өзінің иелігін қалпына келтіруге мүкіндік беретін виндикациялық талапқа ие болатын құқықтық қатынас пайда болады.

Заңнама шеңберінде міндеттеме түсінігі ҚР АҚ 268-бабында бекітілген: «Міндеттемеге сәйкес бір адам (борышқор) басқа адамның (несие берушінің) пайдасына мүлік беру, жұмыс орындау, ақша төлеу және т.б.

⁷ Гражданское право. Т. 1. Оқу орындарына арналған оқулық (Академиялық курс)./ Жауап. ред. М.К. Сулейменов Ю.Г. Басин. Алматы 2000. 298 б.

сияқты белгілі бір әрекеттер жасауға, не белгілі бір әрекет жасаудан тартынуға міндетті, ал несие беруші борышқордан өз міндеттерін орындауын талап етуге құқылы. Несие беруші борышқордан атқарылғанды қабылдауға міндетті.»

Ғалымдармен, «бұл анықтаманың кемшілігі оның «міндеттеме» түсінігіне дерлік барлық мүмкін болатын құқық қатынасатарды қатыстыруға болатындығында болып табылады» деп әділ негізделген.⁸

Сөзсіз міндеттемілік құқықтың орталық шебін мүліктік қатынасатар алады. Бұл барлық цивилистермен мойындалған және майындалады. Бұл ереженің мәнісі сонда міндеттемелік құқық құралы арқылы бір тұлғадан басқа тұлғаға материалдық құндылықтардың ауысуы жүзеге асады. Бұл өз кезегінде міндеттемелік құқық нормаларының әсерімен азаматтық құқықтық қатынастардың қозғалысы жүреді, мұның өзінде бұл құқыққатынастарда бір тараптың – көрсетілген әрекеттерді жасау міндетіне басқа тараптың – оны орындау құқығы қарсы тұрады деген пікірдің бірмағналығын дәйектейді. Осылайша, міндеттеме жанама (қатысты) сипатта болады деп айтуға болады, өйткені нақты бір тұлғаның міндеттері басқа тұлғаның құқығына қарсы тұрады.

Міндеттемеде көбнесе мүліктік міндеттерді қостап жүретін мүліктік емес міндеттер болуы мүмкін.

Міндеттеменің субъектісі болып: құқыққа өкілетті (кредитор) және міндетті (борышкер) табылады, сондықтан ол жанама (қатысты) болып табылады. Міндеттеменің әрбір тарабы жағында тұлғалардың көптігі болуы мүмкін, бірақ бұдан мән жоғалмайды, бір тұлғалар кредитор жағында болады, ал басқалары борышкер жағында болады. Ақырғылары мұндай жағдайларда, егер заңмен немесе шартпен көзделген болса, үлесті, ортақ немесе субсидиялық жауаптылықта болады.

Сонау рим құқығында міндеттеме оларды негіздері бойынша бөлудің классикалық өлшемі ретінде қызмет ететін шарттық (ex contractu) және деликтен (ex delikto) туындайтындарға бөлінген. Б.з П ғ. заңгер Гай өз Институцияларында бұл жіктеуді көрсете отыра, оны міндеттемені (summa divisio) бөлудің бастысы ретінде атады. Экономикалық қатынастардың және оған тиісті құқықтық жүйелердің дамуымен құқыпен реттелетін қоғамдық қатынастардың мазмұны да өзгереді, бірақ міндеттемені шарттық және шарттан тысқа бөлу қағидасы рим құқығынан алынғанында да, және дербес дамып жатқан барлық құқықтық жүйелерде де сақталады.

Зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттеме жайында толық түсінік алу үшін олардың міндеттеме жүйесінде алатын орнын, азаматтық құқық ғылымы үшін маңызын, аралас азаматтық құқыққатынастардан айырмашылығы мен ерекшелігін ашып, олардың атқаратын қызметі мен қолдану аясын көрсету қажет.

Аталып өткендей бұл міндеттемелер өз атауын латын тіліндегі deliktum, яғни құқық бұзушылық деген сөзден алған. Зиян келтіру

⁸ О.С. Иоффе. Развитие цивилистической мысли в СССР. Ч.1.Л., 1975. 57-88 б.

салдарынан субъектінің абсолюттік субъективтік құқығы бұзылады, ал субъект оны келтірушіден құқықтың бастапқы қалпын қалпына келтіруге құқылы.

Зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттеме Институты ҚР АҚ 47 бөлімінде бекітілген, 917 б. сәйкес, «азаматтар мен заңды тұлғалардың мүліктік немесе мүліктік емес игіліктері мен құқықтарына заңсыз әрекеттермен (әрекетсіздікпен) келтірілген (мүліктік және (немесе) мүліктік емес) зиянды, оны келтірген тұлға толық көлемінде өтеуге тиіс».

ҚР ПО немесе оның лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиян жалпы құқықтық мағынаға ие. Л.А.Прокудинаның мемлекеттік органның немесе оның лауазымды тұлғасының нақты заңсыз әрекеті (әрекетсіздігі) әр түрлі құқық салаларымен реттелетін және қорғалатын жеке немесе заңды тұлғалардың бір емес, бірнеше субъективтік құқықтарының бұзылуына әкеліп соқтырады, сондықтан оларды қалпына келтіруді бірнеше қатынастардың кешені пайда болады.⁹ Алайда, қазіргі таңда **Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекеттік органның және оның лауазымды тұлғасының заңсыз әрекеттермен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиянды мемлекетпен төлеу туралы ереже жоқ, бұл өз кезегінде азаматтардың құқығын қалпына келтіру мен келтірілген зиянды өтеудің біртұтас құқықтық институты болып табылатын еді.**

Зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттеме бұл азаматтық-құқықтық жауапкершілікті жүзеге асырудың нысаны, мұның өзінде жауапкершіліктің бұл түрін заңды жауапкершіліктің басқа түрлерінен: тәртіптіктен, әкімшіліктен, қылмыстықтан ажыратқан жөн. Әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік шаралары жауапкершілікке тарту үшін тиімсіз болғанда, азаматтық заңнама нормаларымен бекітілген тәртіпте зиянды өтеу бұзылған құқық пен заңды мүддені қорғаудың жалғыз әдісі ретінде шығады.

Алайда, мұндай шарттан тыс жауапкершілікті азаматтық-құқықтық жауапкершілікпен ұқсастыру кейбір ғалымдармен дау туғызады. В.А. Носовтың пікірінше, «бұл құқықтық түсініктерді ұқсастырмау керек....., азаматтық-құқықтық жауапкершілік туралы құқықбұзушылықтың толық құрамы бар кезде ғана айту керек».¹⁰ Біз В.А.Носовтың пікірімен келісеміз, бірақта бұл кейбір ғалымдардың ойынша «қылмыстық жауапкершілік пен азаматтық жауапкершілікті ақталмайтын жақындасуға» әкеліп соқтырады. Бұл пікірталастың өзегі болып азаматтық құқық бұзушылықта кінәнің бар немесе жоқтығы туралы мәселе табылады.

Шынында да азаматтық-құқықтық жауапкершілік (шарттық және шарттан тыс) кінә мен оның болмауы қағидасына негізделеді (АҚ 917 б.). Алайда, АҚ 917 б. 1 т. 2 абз. «заң актілерінде зиянды өтеу міндеті зиян келтіруші болып табылмайтын тұлғаға жүктелуі мүмкін» деп бекітілген ерекшелік В.А.Носованың ұстанымын дәлелдейді, мұнымен келіскен дұрыс.

⁹ Л.А.Прокудина. Возмещение ущерба, причиненного незаконными действиями правоохранительных органов – Ғылыми-тәжірибелік түсіндірме - М Юридическое бюро «ГОРОДЕЦ», 1997. 11 б.

¹⁰ В.А.Носов. Внедоговорные обязательства. Ярославль, 1987. 11 б;

Кінәға қарамастан азаматтық-құқықтық жауапкершілікке тарту бұрыннан бар, бірақ қазіргі таңдағы экономикалық жағдайларда ол өзінің кең қолданылуын тапты, себебі бүгін заң шығарушы бұл ережені тек жауапкершілікті қолдану шарасына ғана емес, қорғау шарасына да таратып жіберді.

Бұл орайда зиян келтірушінің кінәсіне қарамастан моральдық зиян өтеледі, егер де (АК 951 б. 3 т.):

- зиян азаматтың өмірі мен денсаулығына жоғары қауіптілік көзі арқылы келтірілсе;

- зиян азаматқа оның заңсыз сотталуының, заңсыз қылмыстық жауапқа тартылуының, бұлтартпау шарасы ретінде заңсыз қамауға алуды, үйде қамауда ұстауды немесе ешқайда кетпеуі туралы қолхат алуды қолданудың, қамауда ұстау, психиатриялық емдеу мекемесіне немесе басқа емдеу мекемесіне орналастыру түрінде әкімшілік жазаны заңсыз қолданудың салдарынан келтірілсе;

- зиян ар-ожданына, қадір-қасиеті мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер тарату арқылы келтірілсе;

- заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда.

Осылайша, азаматтық заңнама қазіргі таңда азаматтық-құқықтық жауапкершілікті қалыптастырудың екі бастауын, яғни, азаматтық құқық бұзушылықтың толық құрамы жағдайындағы кінә қағидасын және борышкердің кінәсі жоқ «қысқартылған» құрамдағы зиян келтіру қағидасын басшылыққа алады.

Деликтік міндеттеменің маңызы жеке және заңды тұлғалардың құқытары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша шаралардың жалпы жүйесіндегі атқаратын рөлімен анықталады.

Деликтік міндеттемелер бұзылған құқықты қалпына келтіру мен қорғау мақсатына қызмет етуге шақырылған, сол себепті оларды ғылыми әдебиеттерде қорғау қызметін атқаратын құқық қорғаушы қатынастарға жатқызған.¹¹ Жоғарыда айтылғандай, заң әдебиеттерінде деликтік міндеттемелер сонымен қатар қорғау сипатындағы қызметті атқарады деген пікірлер бар. Қорғауға материалдық, сондай-ақ материалдық емес құндылықтар жатады.

Деликтік міндеттемені құқықты, меншікті қорғаудың міндеттемелік-құқықтық тәсілі ретінде ғана қарастырып қоймай, субъективтік азаматтық құқықты қорғаудың жалпы тәсілі ретінде де қарастыру қажет.

Деликтік міндеттеменің маңызын айта отыра, оның қалпына келтіруші, орнын толтырушы немесе қорғаушы сипатпен шектелмейтіндігін, сонымен қатар олардың алдын алу және тәрбиелік қызметті атқаратындығын атап өту қажет. Жалпы және жеке алдын алу түсінігі бар. Алайда, М.И. Штеффманның ойынша, «бұл функция тек кінәлі мінез-құлқы жазалануға тиісті құқық бұзушыларға қатысты жүзеге асырылуы мүмкін», яғни, жеке алдын алу.

¹¹ М.И.Штеффман. Повышение роли гражданско-правовой ответственности в охране прав и интересов граждан и организаций. Киев, 1988. 155 б.

Жәбірленушінің абсолюттік құқығын қалпына келтіру зиян келтіруші құндылықтарының кемсітілуін білдіреді. Құқық бұзушыға заңмен бәсең үлгідегі (азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын бұзбау) абсолютті міндеттені сақтамаудың орнына жаңа белсенді үлгідегі міндеттемені жүктеу фактісі жағымсыз және ауыртпалы болып табылады. Мүліктік және басқа да айыруларды сезу арқылы құқық бұзушы өзінің абсолюттік құқықтарға деген қарым-қатынасын қайта қарастырып, өзгертуі тиіс. Біздің ойымызша, мұның әсерінен құқық бұзушыға да, және басқа да тұлғаларға да болашақта жүктелетін тікелей және бәсең міндеттерді орындауға бағытталған жағымды әлеуметтік-психологиялық құндылықтар қалыптасуы тиіс. Яғни, деликтік міндеттемелердегі алдын алу функция жалпы сипатта және жеке сипатта да болады.

Деликтік міндеттемелердің субъектілер болып азаматтар, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар, заңды тұлғалар, және де шетел мемлекеттік органдары, немесе осы органдардың лауазымды тұлғалары табылады.

Жоғарыда айтқандай, деликтік міндеттемелердің бір ерекшелігі бар. Заңда көрсетілген жағдайда зиянды өтеу міндеттемесі зиянды келтірген тұлғаға ғана емес, сонымен қатар басқа да тұлғаларға (АК 917 б. 1 т. 2 абз.) жүктелуі мүмкін. Атауларына қарамастан біздің көзқарасымызша АК 922, 923- баптарында осы ереже қолданылады, оған сәйкес келтірілген зиян органдардың билігіндегі ақша қаражатының есебінен өтеледі, ал олар жеткіліксіз болғанда зиян мемлекеттік қазынаның есебінен субсидиарлық тәртіпте өтеледі.¹²

Л.В. Бойценоның пікірінше: “жариялылық билік секілді мемлекетке де жеке құқықтық жауапкершілік қағидасын таратуға болмайды”.¹³ Алайда, мұндай пікірдің қателігі оның зерттеулерінде көрсетілгендей өзімен кешіректеу өзгертілді.

Деликтік міндеттемелер әр түрлі жіктеулік белгілеріне байланысты түрлерге бөлінуі мүмкін. Жіктеудің мақсаты деликтік міндеттеменің жекелеген түрлерінің ерекшелігін айқындауға мүмкіндік береді. В.Т.Смирнова, А.А.Собчак өз еңбектерінде, деликтік міндеттеменің жүйесін олардың пайда болу негізіндерінен қалыптастырады:

- жалпы (басты) деликт;
- арнайы деликті.¹⁴

Біріншісі шарттан тыс келтірілген зиян үшін жауапкершіліктің жалпы алғышарттарын анықтайды және зиянды, құқыққа қайшы әрекетті, құқыққа қайшы әрекетпен зиян арасындағы себептік байланысты, сонымен қатар зиян келтірушінің кәнісінен тұрады. Бірақта, қазіргі күні азаматтық заңнамамен азаматтар мен заңды тұлғалардың олармен қорғалатын субъективтік құқықтары және азаматтық заңнама нормаларының бұзылу салдарына әкеліп

¹² А.М.Эрделевский. Гражданское право: конспект ответа на экзамене.- М.: Юрист, 2002. 77 б.

¹³ Л.В.Бойцева. Ответственность государства за ущерб, причиненный гражданам в сфере правосудия генезис, сущность, тенденции развития. Автореферат дисс д.ю.н. 34 б.

¹⁴ В.Т.Смирнов, А.А.Собчак. Общее учение о деликатных обязательствах в советском гражданском праве.

соқтыратын барлық нақты әрекеттерді (әрекетсіздікті) қарастыру мүмкін емес. Бұған мысал ретінде ҚР АҚ 923 б. атауға болады, онда заң шығарушы азаматқа зиянды өтеуді талап ету құқығын беретін анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз іс-әрекеттерінің тізбесін көрсетеді. Ерекше режим азаматты заңсыз соттау нәтижесінде зиян келтірілсе (ҚР ҚІЖК 368 б.), қылмыстық жауапкершілікке заңсыз тартылса (ҚР ҚІЖК 206-207 б.б.), алдын алу шарасы ретінде қамауға алу, үйде қамауда ұстау заңсыз қолданылса (ҚР ҚІЖК 149, 150 б.б.), ешқайда кетпеуі туралы қолхат алуды заңсыз қолдану (ҚР ҚІЖК 144 б.), қамау немесе түзеу жұмыстары түріндегі әкімшілік жаза заңсыз қолданылса, психиатриялық немесе басқа емдеу мекемелеріне заңсыз орналастырылса (ҚР ҚІЖК 509 б.) ғана қолданысын табады. Қарастырылып отырған деликті заңнамада пайда болу сәтінен бастап көрсетілген шеңберде шектеу заң әдебиеттерінде негізделген критиканы туындатты. Алайда көрсетілген тізбеге мынандай процессуалдық мәжбүрлеу шаралары кірген жоқ: заңсыз ұстау (ҚР ҚІЖК 132 б.), айыпталушыны заңсыз әкелу (ҚР ҚІЖК 208 б.), алуды заңсыз жүргізу (ҚР ҚІЖК 231 б.), тінтуді заңсыз жүргізу (ҚР ҚІЖК 230 б.), мүлікке заңсыз тиым салу (ҚР ҚІЖК 161 б.). Теория және тәжірибе ғалымдарымен өтеуге жататын залалдар түрінің кеңеюіне байланысты бірнеше пікірлер айтылған. Бұл сұрақтың ең оңтайлы шешімі болып заң шығарушының құқық қорғау органдары мен соттың заңсыз актілерінің қандайда бір тізбесін беруден толық бас тартуы және ҚР АҚ 932 б. жауапкершілік, органдардың кез-келген заңсыз әрекеттері үшін туындайтынын көрсету табылар еді.

Осылайша, заң шығарушыға азаматарға және заңды тұлғаларға мемлекеттік қоғамдық ұйымдармен, және де қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі лауазымды тұлғалармен, оның ішінде анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу мәселелерін қайта қарастыру қажет, мұның өзінде жоғарыда айтылғандай келтірілген зиян үшін жауапкершілік кез-келген заңсыз әрекеттер үшін туындауы тиісті, осыған байланысты заңнаманы қазіргі өмірдің шындығына сәйкес келтіру қажет. Сондықтан деликтік міндеттемелерде келтірілген зиянды өтеу бас деликт жүйесінің конструкциясы бойынша құрылған, оның мәнісі болып бір тұлғамен басқа тұлғаға зиян келтіру, нақ осы жағдайда құқық қорғау органдарымен келтірілген зиян, егер заңнамамен басқаша көзделмесе, құқыққа қайшы деп танылып, зиян келтірушімен барлық жағдайда және толық көлемде зиянды өтеу міндеттемесіне алып келеді. Арнайы деликтіде оларды бас деликтінің жалпы ережесінен ажырататын ерекшеліктер бар. Қолданыстағы азаматтық заңнамада келесі арнайы деликтілердің түрлері қарастырылған:

- заңды тұлғаның немесе азаматтың өз қызметкері келтірген зияны үшін жауапкершілігі (ҚР АҚ 921 б.);

- мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ олардың лауазымды адамдары келтірген зиян үшін жауапкершілік (АҚ 922 б.)

- анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген зиян үшін жауапкершілік (АК 923 б.);

- он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар келтірген зиян үшін жауапкершілік (АК 925 б.), Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар келтірген зиян үшін жауапкершілік (АК 926 б.), және де ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналардың кәмелетке толмағандар келтірген зиян үшін жауапкершілігі (АК 927 б.);

- әрекетке қабілетсіз деп танылған азамат келтірген зиян үшін жауапкершілік (АК 928 б.), әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған азамат келтірген зиян үшін жауапкершілік (АК 929 б.), өз іс-әрекетінің мәнін түсінуге қабілетсіз азамат келтірген зиян үшін жауапкершілік (АК 930 б.);

- айналасындағыларға жоғары қауіп туғызатын қызмет (жоғары қауіптілік көздері) арқылы келтірілген зиян үшін жауапкершілік (АК 931 б.).

3. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің іс-әрекеттерімен келтірілген зиян үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының АК 111 б. сәйкес мемлекеттік билік және басқару органдары азаматтық заңнама реттейтін қатынастарға тепе-тең негізде қатысады, яғни азаматтық құқықтың субъектілер болады.

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында мемлекеттік орган түсінігі жоқ. Заң шығарушы АК оның заңды анықтамасын бермейді. Бірақта азаматтық құқық теориясында мемлекеттік орган түсінігі жоқ деп айту ағаттық болады.¹⁵

Мемлекеттік орган болып Қазақстан Республикасы заңнамасы бекіткен тәртіпте құрылатын мемлекеттік басқару мен бақылау функциясын орындауға өкілеттендірілген мемлекеттік мекеме табылады. Мемлекеттік орган өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сонымен қатар Құқық қорғау органдары туралы Заңға сәйкес жүзеге асырады.¹⁶

Заң әдебиеттерінде мемлекеттік органның анықтамасы бар.¹⁷ Біздің зерттеуімізге аса қолайлысы Д.Н. Бахрахпен берілген анықтама табылады. Оның пікірінше, бұл ұғымның астарында «өз құзыретін иеленген, жариялылық функциясын орындайтын, құрылымы мен қызметі құқықпен реттелген мемлекеттік аппараттың дербес бөлігін қалыптастыратын ұйымдасқан ұжым» жатыр. Мұндай органдардың бірі болып Қазақстан Республикасының ПО табылады. Ішкі істер органдары – бұл (бұдан әрі - ішкі істер органдары) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес анықтау, алдын ала тергеу мен жедел іздестіру қызметін, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтың

¹⁵ С.Н. Братусь. Субъекты гражданского права.- Москва, 1950.- 11 б.

¹⁶ «Мемлекеттік мекеме (мемлекеттік орган) туралы Ережені әзірлеу жөніндегі нұсқаулық пен мемлекеттік орган болып табылмайтын мемлекеттік мекеменің Үлгі жарғысын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 ақпандағы № 119 Қаулысы.

¹⁷ Д.Н.Бахрах. Административное право. Оқу орындарына арналған оқулық. М.: Изд-во БЕК,1996. 84 б.

құқықтары мен бостандығына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қылмыстық және өзге де заңға қарсы қол сұғушылықтардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі атқарушылық және өкім етушілік функцияларын жүзеге асыратын арнайы мемлекеттік орган болып табылады. Сөз аталып өткендей Қазақстан Республикасының ІО жөнінде қозғалып отыр.

Ішкі істер министрлігі ішкі істер органдарының біртұтас жүйесін басқаратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

Егерде ҚР ІМ сияқты заңды тұлғаларды азаматтық құқық теориясындағы заңды тұлға жіктеуімен салыстырсақ, онда олар мемлекеттік мекеме болып табылады деп айтуға болады. Аталған құқық қорғау органның АҚ 922, 923 б.б. азаматтық құқық қатынастарының субъектілері ретінде толық түсіну үшін дәл осы түсінікте (әкімшілік-құқықтық және азаматтық-құқықтық) қарастырған жөн.

Қазақстан Республикасы ІО құзыреті сол немесе басқа орган туралы жалпы, үлгі және жеке ережелермен, сонымен қатар арнайы нормативтік актілермен анықталады.

ІО қызметі ерекше қызмет, себебі әрбір орган оны алдында тұрған нақты мақсаттар және міндеттермен бірге мемлекеттің ішкі және сыртқы саласында жүзеге асырады.

ІО қызметін реттейтін нормативтік актілердің талдауынан сәйкес, ІО көртенше міндеттер жүктелген.

Мысалға, ІО қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті, соның ішінде төтенше немесе әскери жағдай ахуалында қамтамасыз ету; қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, қылмыстарды ашу және тергеу, сондай-ақ қылмыскерлерді іздестіру; заңдарда белгіленген өздерінің құзыреті шегінде алдын ала тергеу, анықтама мен әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру; әкімшілік жазалауларды орындау; әкімшілік жолмен қамауға алынғандарды ұстау орындарында құқық тәртібін қамтамасыз ету және адамдарды ұстау режимін сақтау жүктелген.¹⁸

Бұл міндеттер оларды орындау үшін жұмыстың тиісті нысаны мен әдісін қолданатын нақты бір органға, құқық қорғау органының нақты бір қызметкеріне жүктелген функцияларды орындау арқылы шешіледі.¹⁹

Осылайша, құқық қорғау органдары қызметінің мәнісі болып мемлекеттің сыртқы және ішкі саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін, қылмыспен және басқа құқық бұзушылықпен күресу мен алдын алу арқылы қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қорғайтын заңдар мен заңға бағынышты актілерді іске асыру табылады.

¹⁸Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы ҚР 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 Заңы. ҚР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 154-құжат

¹⁹Административная деятельность органов внутренних дел. Жалпы бөлім. АП.Кореневаның ред. М, 1996 58-62 б.

ҚР ПО олардың алдында тұрған қылмыстылықпен күрес бойынша мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін әртүрлі қызметтерді жүзеге асырады: ПО барлық қызметін келесі түрлерге бөлуге болады:

1. шаруашылық-техникалық;
2. биліктік-әкімшілік;
3. тіркеу-есепке алу;
4. лицензиялау-рұқсат беру;
5. жедел-ізвестіру;
6. қылмыстық-атқару;
8. ғылыми-зерттеу, оқу;
9. қылмыстық іс жүргізу.

Бұл қызметтің қай түрімен зиян келтірілгеніне байланысты зиянды өтеу бойынша міндеттеме қалыптасуын табады. Егер де зиян шаруашылық-техникалық қызмет (мысалы, жол полициясы қызметкерінің автокөлігі жаяу жүргіншіні басып кетсе) салдарынан келтірілсе, деликтік жауапкершілік жалпы (АК 917 б.), немесе басқа (мысалда көрсетілген 931 б. бойынша) негізде туындайды.

Егер де зиян биліктік-әкімшілік, тіркеу-есепке алу, лицензиялау-рұқсат беру, жедел-ізвестіру қылмыстық-атқару, ғылыми-зерттеу, оқу, не қылмыстық іс жүргізу қызметтеріндегі заңсыз әрекеттермен келтірілсе, онда жауапкершілік АК 922 б. бойынша туындайды.

Биліктік-әкімшілік қызметте ПО қызметкерлерімен жүзеге асырылатын билік ету функциясы түсіндіріледі. Мұндай қатынастарда бұл билік ету актілер бағытталған барлық қалғандары (азаматтар мен заңды тұлғалар) бұл өкімдерге бағынып, оның нұсқауларымен жүруі қажет. Ал заңды талаптарды орындамау заң тәртібінде бекітілген жауапкершілікке алып келуі мүмкін. Басқаша айтқанда, мұндай қатынастарда ПО қызметкерінің тарапынан бағытталып отырған үшінші тұлғаларға (қиғаш құқыққатынастар) орындау үшін заңды міндетті болатын әрекеттің бір бағытты сипаты білдіріледі.

АК 922 б. бойынша зиян келтірген үшін жауапкершілік тек биліктік-әкімшілік қатынастардан ғана туындамайды, сонымен қатар басқаларынан да туындайды. Біздің көзқарасымызша маңызды болып зиян нақты сол мемлекеттік органмен (біздің жағдайда ҚР ПО), не өзін-өзі басқару органымен немесе оның лауазымды тұлғасымен келтірілуі тиіс. Бұл АК 922 б. бір ерекшелігі болып табылады, яғни, зиян келтірудің ерекше субъектісінің – мемлекеттік органның болуы.

ПО есепке алу-тіркеу қызметінің астарында құқықтық актілермен реттелген ПО заңды маңызы бар фактілерді (құбылыстарды, әрекеттерді, оқиғаларды) есепке алу мен тіркеу жатыр. Бұл қызметті реттейтін актілерге өмірдің әртүрлі саласын қозғайтын, әр түрлі қайнар көздер жатады. Мысалы, оларға ҚР ПМ «ПО ҚР аумағына кіру мен одан шығуға рұқсатты және құжаттарды берудің тәртібі туралы» Нұсқаулықты қолданысқа енгізу туралы Бұйрығын жатқызуға болады. Бұл қызметті реттейтін басқа да құқықтық актілер бар, бұл: «ҚР көлік құралдарын және оған тіркеу құрылғыларын мемлекеттік тіркеу» Ережесі.

Лицензиялау-рұқсат беру қызметі ретінде ПО жеке және заңды тұлғалардың әрекеттерін лицензиялауды жүзеге асыру, алынған лицензияға сәйкес олардың қызметін бақылау және қару жарақ айналымын бақылау, қару-жарақ айналымына байланысты нормативтік актілермен бекітілген ережені бұзған жағдайда шаралар қолдану бойынша әкімшілік-құқықтық нормалармен реттелген әрекеттердің кешені түсініледі.

Жедел іздестіру қызметі туралы заңына сәйкес, **жедел іздестіру қызметі** – бұл арнайы өкілетті мемлекеттік органдармен өз өкілеттіктер шегінде азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын және заңды мүдделерін, меншікті, қылмыстық қол сұғушылықтан мемлекеттің және қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сонымен қатар, шет мемлекеттері мен халықаралық ұйымдардың арнайы қызметтерінің барлау-нұқсан келтіру қызметінен қорғау мақсатында ҚР Конституциясына, жедел іздестіру қызметі туралы Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да заңдары мен нормативтік актілеріне сәйкес жүзеге асырылатын ашық және жабық жедел іздестіру, ұйымдастыру және басқару шараларының ғылыми негізделген жүйесі.

Бұл қызмет түрі қылмыстылықпен күресудің күшті құралы болап табылады және ЖІҚ туралы Заңмен реттелген шараларды дұрыс қолданбау зиян келтіруге әкеліп соғады.

Оқу орандарының, ғылыми-зерттеу мекемелерінің қызметіне деликтік зиянды өтеу мәселесін қозғап жүрген зерттеушілер тарапынан аса көңіл бөлініп жүрген жоқ. Қосымша бұл сұрақ қылмыстық құқық ғалымдарымен, ПО жүйесі оқу орындарының тыңдаушысы немесе оқытушысы немесе ғылыми-зерттеу мекемесінің қызметкері ҚР ҚК 321 «Билік өкіліне күш қолдану» және ҚР ҚК 320 «Билік өкіліне тіл тигізу» бабы бойынша қылмыстық жазаланатын әрекет ретінде саралау барысында билік өкіліне жатқызу туралы сұрақты қарастыру кезінде қозғалады.²⁰ Біздің зерттеуімізге маңызды сұрақ болып, **қашан бұл субъектілердің әрекеті (әрекетсіздігі) қызметтік болып есептеледі және олармен келтірілген зиян үшін жауапкершілік АҚ 922 б. ережелеріне сәйкес жүргізіледі?** Жауап – олардың әрекеті сол құқық қорғау органының (ҚР ПО оқу орнынның) биліктік-әкімшілік қызметі түсінігіне сай келген кезде. Мысалы, бұл жағдайды «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Заңының мазмұнынан түсінуге болады. Онда былай деп көрсетілген: ішкі істер органдарына қызметке **жасы он сегізден** кем емес, өзінің жеке, моральдық, іскерлік, кәсіби қасиеттері, денсаулығы мен дене бітімі, білім деңгейі жөнінен өзіне жүктелген міндеттерді атқаруға қабілетті Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

Осылайша, оқу орнының тыңдаушысы, курсанты, оқытушысы немесе құқық қорғау органы (бұл жағдайда ПО оқу орындары) ғылыми-зерттеу мекемесінің атестатталған қызметкері болуына байланыссыз, олардың

²⁰ Б.В.Епифанов, С.А.Денисов. Уголовно-правовая защищенность работников милиции в связи с исполнением ими обязанностей по охране общественного порядка. Әдістемелік құралы (әлеуметтік-гуманитарлық даярлау бойынша сабақтарды өткізуге арналған) Санкт-Петербург, 1995 18 б.

барлығы құқық қорғау органнының қызметкері болып табылады, құқық қорғау органнында қызмет өткереді және олардың жалпы қызметтік әрекеттері құқық қорғау органның қызметі болып табылады және тиісті алғышарттар болағнда келтірілген зиянды өтеу АҚ 922 б. ережесі бойынша қылыптасуы тиіс, яғни, бұл қызметкерлермен жалпы қызметтік міндеттерді орындау биліктік-әкімшілік қызмет түсінігінің құрамына кіреді.

Енді, егер зиян қылмыстық іс жүргізу қызметінде, яғни, қылмыстық жауапкершілікке заңсыз тарту, алдын алу шарасы ретінде қамауға алу немесе шығуға тиым салу заңсыз қолданылса, онда тиісті алғышарттар бар болса зиян АҚ 923 б. 1 т. ережелері бойынша өтеледі. Оның өзінде азаматтық құқық бұзушылықтың құрамы қысқартылған нысанда қарастырылады, яғни, жауапкершілік кінәсіз туындайды. Бұл жерде қылмыстық іс жүргізу қызметінен келтірілген зиянның салдары АҚ 923 б. 1 т. белгіленген тізбеге еңбесе, онда келтірілген зиян (АҚ 923 б. 2 т. сәйкес) АҚ 922 б. бойынша өтеледі.

Ғылыми әдебиеттерде ПО қызметкерлерінің биліктік-әкімшілік және қылмыстық іс жүргізу қызметін әр түрлі ғалымдар мемлекеттік басқаруға, билік актілерін атқаруға немесе әкімшілік басқаруға қатыстырады. Біз бұл мәселе бойынша қандайда бір қатаң ұстанымды ұстамаймыз. Біздің ойымызша зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемеде маңыздысы болып табылатыны келесі жағдайлар:

біріншіден, зиян ПО немесе оның қызметкерлерімен келтірілуі тиіс;

екіншіден, олардың әрекетінің (әрекетсіздігінің) қызметтік сипатта болуы;

үшіншіден, әрекеттер (әрекетсіздіктер) ПО алдында тұрған мақсатар мен міндеттерге жетуге бағытталуы қажет.

Мысалы бірінші жағдай кең талқылауды қажет етеді, өйткені құқыққорғау органдарының қызметінде ПО жүйесінен басқа (әсіресе КСРО кезеңінде) қоғамның қатысуы кең қолданылады, оларға ЕХК (ерікті халықтық көмекшілер), штаттан тыс инспекторлар және т.б. жатады. Олардың, негізінен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша қоғамдық бастауларда орындалатын көмегі құқық қорғау органдарының алдында тұрған міндеттерді орындауға септігін тигізеді, ал тиісті өкілеттіктерге ие болу олардың полиция қызметкері функциясын орындайтынын білдіреді. Сот тәжірибесі қоғамның - мемлекеттік органның (ІІБ, ҚІБ және т.б) өкілімен келтірілген зиян үшін жауапкершілік жолымен ардайым жүрген емес. Қазіргі таңда бұл қоғамдық өкілдер әлеуметтік институты өзінің маңыздылығын елеулі жоғалтты, оған түрткі болған әр түрлі объективтік себептер табылады. Бірақта, қоғам құқық бұзушылықпен күрес және алдын алуға белсенді қатысатын болса, онда бұл сұрақ (қоғам өкілімен зиян келтірілсе) қайтадан өзекті болады. Сот органдары қарастыруда мұндай сипаттағы істердің тәжірибесіне қайта жүгінуі мүмкін. Бірақта ҚР АҚ 863 б. сәйкес жауапкершілік ҚР АҚ 47 бөлімі бойынша қалыптасуы қажет.

Азаматтық-құқықтық қатынастарға дербес қатысу үшін ҚР ПО заңды тұлға құқықтарына ие болады және олар болып тек АҚ 33 б. көрсетілген

қажетті белгілерге ие органдар (бөлімшелер) ғана табылуы мүмкін. Нақты құқық қорғау органына заңды тұлға құқығын беру нормативтік актілерде бекітіледі. Мұндай нақты заңды тұлға туралы Ереже (жарғы) ІІМ бұйрығымен бекітіледі.

Атап өтілетін жайт, ҚР ПО заңды тұлға (азаматтық-құқықтық түсінік-кәсіпорын, мекеме, ұйым) ретінде қарастыру туралы сөзді тек, егерде олар мен үшінші тұлғалар (азаматтар, кәсіпкер азаматтар, заңды тұлғалар) арасында қандайда бір басқа қатынастармен (әкімшілік, мемлекеттік, еңбек қатынастарымен) «ауысусыз» азаматтық-құқықтық қатынастар бекітілетін болса ғана қозғау керек. Мысалы, ІІМ білім беру орны қандай да бір объектіні (тұрғын үй, қосалқы тұрғын жай және т.б.). күрделі жөндеуге шарт жасайды. Осылайша, жоғарыда айтылғандарға байланысты, біз келесі қорытындыларға келдік:

1. ПО құқық қорғау жүйесінің органы ретінде деликтік қатынастарға (ҚР АҚ 47 бөлімі), құрылатын, өзінің қызметін тоқтататын және мемлекетпен қаржыландырылатын (ҚР немесе оның субъектісімен) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы ретінде қатысатынын түсіну қажет, яғни, олар мемлекеттік мекемелер болып табылады.

2. ҚР ішкі істер органдары олардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге жету үшін тиісті функцияларды орындайды, яғни тиісті құзыреттілікке ие.

3. ПО қызметкерінің қызметтік әрекеттері – бұл олардың қызметтік, және де оған байланысты қызметті реттейтін жалпы және арнайы нормативтік актілерге сәйкес қатаң түрде орындауға тиісті ҚР ПО алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін және Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары жүйесіндегі құзыреттерді іске асыру үшін бағытталған әрекеттер.

Қызметтік әрекеттерді орындай отыра, ҚР құқық қорғау органдарының (ҚР ПО) қызметкерлері азаматтарға, оның және заңды тұлғаның мүлкіне заңды зиян келтіруге құқығы бар, бірақ олар мұның өзінде де жалпы және арнайы құқықтық шектеулердің шегінен шығуға.

№ 4 тақырып. АЗАМАТТАРДЫҢ ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУҒА ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚАТЫСУЫ

ЖОСПАР:

1. Неке-отбасы заңнамасы: жағдайы және даму болашағы.
2. ПО неке және отбасы құқығын қорғауға қатысуы.

1. Неке-отбасы заңнамасы: жағдайы және даму болашағы

Отбасы құқығы – бұл некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, жекжаттықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасы қатынастарын нығайтып, дамытуға септігін тигізуге арналған мүліктік және жеке мүліктік емес

құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобының арасында туындайтын отбасылық қатынастарды реттеуге бағытталған құқықтық нормалар жиынтығы.

Неке-отбасы заңнамасы – бұл неке-отбасылық құқықтық қатынастарды реттейтін нормалардан тұратын нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы. **Оның құқықтық негіздері болып:**

- Қазақстан Республикасының Конституция-сы;
- Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексі;
- Қазақстан Республикасымен ратификация-ланған халықаралық шарттары;
- Қазақстан Республикасының неке-отбасылық нормалары бар өзге де нормативтік құқықтық актілері табылады.

Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасымен мына қатынастар реттеледі:

1) отбасы мүшелерінің: ерлі-зайыптылар, ата-аналар мен балалар арасындағы, ал Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында көзделген жағдайларда және шектерде басқа туыстар мен өзге де адамдар арасындағы құқықтар мен міндеттерді, мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастар;

2) некеге отырудың (ерлі-зайыпты болудың), некені (ерлі-зайыптылықты) тоқтатудың және оны жарамсыз деп танудың шарттары мен тәртібін белгілеу жөніндегі қатынастар;

3) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастырудың нысандары мен тәртібін айқындау жөніндегі қатынастар;

4) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу тәртібін реттеу жөніндегі қатынастар;

5) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың функцияларын қатысты қатынастар.

1. Дамыған кезеңде неке және отбасы институттарын нығайту мәселелері:

- отбасының тұрғын-үй мәселелері;
- жұмыспен қамту мен жұмысқа орналастыру мәселелері (оның ішінде әйел адамдарды жұмыспен қамту мен отбасындағы міндеттер арасындағы ұштастыру);
- бала дүниеге келуінің төмендеу мәселесі;
- неке бұзылу санының жоғары болуы;
- тәрби берудегі ата-ана рөлінің төмендеуі;
- әлеуметтік жетім қалу мәселесі.

2. Балалары бар және ата-анасыз қалған балалары бар отбасыларын әлеуметтік қолдау мәселелері

Ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған бала (балалар) – ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айрылуына, хабарсыз кеткен деп танылуына, қайтыс болған деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелген деп танылуына, бас

бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, бала тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде баланы тәрбиелеу немесе медициналық ұйымнан алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-ана қамқоршылығы болмаған және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өз құқықтары мен мүдделерінің қажетті қорғалуын қамтамасыз етуге мұқтаж болған өзге де жағдайларда жалғыз ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынан айрылған бала (балалар).

3. Ата-анасының тәрбиелеуісіз қалған балалар мен жетім балаларды орналастырудың нысандарын дамыту мәселелері

4. Шетел тұлғалардың қатысуымен болатын отбасылық қатынастарды құқықтық реттеу мәселелері

4. Өздерінің ата-аналық міндеттерін орындамағаны үшін ата-аналардың жауаптылығы мәселелері

Ата-аналық міндеттерді орындамау – бұл ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу мен оқыту жөніндегі міндеттерді орындамауы немесе тиісті түрде орындамауы, не одан толық жалтаруы.

Қазақстан Республикасының заңнамасы ата-аналық міндеттерді орындамағаны үшін мынандай жауаптылықты бекітеді:

1. Әкімшілік жауаптылық (ӘҚБТК 127-бабы - ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамауы)

2. Азаматтық-құқықтық жауаптылық (АК 925-927 баптары – 14 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар келтірген зиян үшін жауапкершілік; 14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар келтірген зиян үшін жауапкершілік; ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналардың кәмелетке толмағандар келтірген зиян үшін жауапкершілігі)

3. Отбасылық-құқықтық жауаптылық (НжОтК 75, 79 баптары – ата-ана құқықтарынан айыру; ата-ана құқықтарын шектеу)

4. Қылмыстық жауаптылық (ҚК 140, 142 баптары – кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау; қорғаншы немесе қамқоршы құқықтарын теріс пайдалану)

Конституцияның 27 бабы:

Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады.

2. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата-ананың етене құқығы әрі міндеті.

3. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті.

2. ПО неке және отбасы құқығын қорғауға қатысуы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары - Құқыққорғау органдары:

Прокуратура

ПО

Қорғаншы және қамқоршы органдары

Балалардың құқықтар-ын қорғау комитеті

Қадағалаудың міндеттері

1. Қадағалаудың міндеттері:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың құқықтық актілері мен іс-әрекеттерінің заңға сәйкес келуін қамтамасыз ету;

2) заңдылықтың кез келген бұзылуын, осындай заң бұзушылыққа ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтап, жою, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру шараларын қолдану болып табылады.

Қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленетін адамдар

1. Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағу, тәрбиелеу және оқыту мақсатында, сондай-ақ олардың мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін оларға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленеді.

2. Сондай-ақ, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамдардың мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленеді.

Қорғаншылардың немесе қамқоршылардың өз міндеттерін атқаруы

1. Қорғаншылар заң жүзінде қамқорлыққа алынушылардың өкілдері болып табылады және олардың атынан және олардың мүддесінде барлық қажетті мәмілелерді жасайды.

2. Қамқоршылар өздерінің қамқоршылығындағы адамдардың өз бетінше жасауға құқығы жоқ мәмілелерді жасауға келісім береді, қамқорлыққа алынушыларға өз құқықтарын жүзеге асыруына және міндеттерін атқаруына жәрдем көрсетеді, сондай-ақ оларды үшінші тұлғалардың тарапынан жасалатын қиянаттардан қорғайды.

3. Қорғаншылар немесе қамқоршылар өздерінің қамқорлығына алынғандарды күтіп-бағу, олардың күтімі мен емделуін қамтамасыз ету, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөнінде қамқорлық жасауға міндетті.

Ішкі істер органдарының құзыреті

Ішкі істер органдары:

1) тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысады;

2) тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

3) балаларын тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындамайтын немесе тиісінше орындамайтын, оларға қатысты құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасайтын ата-аналарды немесе олардың орнындағы адамдарды анықтайды;

4) профилактикалық есепке алуды жүргізеді және профилактикалық бақылауды жүзеге асырады;

5) тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері немесе олардың жасалу қаупі туралы өтініштер мен хабарламаларды сол жерге барып қарайды және олардың жолын кесу жөніндегі шараларды қолданады;

7) жәбірленушілердің өтініші бойынша оларды көмек көрсету жөніндегі ұйымдарға немесе денсаулық сақтау ұйымдарына жібереді;

8) профилактикалық әңгімелесу жүргізеді;

9) тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамды ішкі істер органдарына жеткізеді;

10) қорғау нұсқамасын шығарады;

11) прокурор алдында қорғау нұсқамасының қолданылу мерзімін ұзартуға санкция беру туралы өтініш жасайды;

12) әкімшілік ұстауды жүргізеді;

13) сот алдында тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу туралы өтініш жасайды;

14) қылмыстық ізге түсуді, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жүргізуді жүзеге асырады;

15) қылмыстық іс жүргізудің мәжбүрлеу шараларын қолданады;

16) жәбірленуші қауіпсіздігінің қылмыстық-құқықтық шараларын қолданады;

17) ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы мәселелері бойынша арнайы оқу курстарын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

ПО ЖІБ отбасы құқықтарын қорғауға қатысуы жөніндегі өкілеттіктері мына НҚА регламенттеледі:

1. «ПО әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» ПМ-нің 2015 ж. 29.12. бұйрығы.

2. “Учаскелік полиция пунктiнiң жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторларының, учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы” ПМ-нің 2015 ж. 29.12. бұйрығы.

3. “ПО кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы” ПМ 2015 ж. 29.12 бұйрығы.

АПК: Алкоголизммен, нашақорлықпен немесе уытқұмарлықпен ауыратын науқасты наркологиялық ұйымға мәжбүрлеп емдеуге жіберу туралы арыз беру

1. Алкоголизммен, нашақорлықпен немесе уытқұмарлықпен ауыратын науқасты наркологиялық ұйымға оның келісімінсіз мәжбүрлеп емдеуге жіберу туралы арызды науқастың туыстарының, еңбек ұжымдарының, қоғамдық ұйымдардың, **ішкі істер органдарының**, прокуратураның, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның бастамасымен науқастың тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымының өкілі береді.

Алкоголизммен, нашақорлықпен немесе уытқұмарлықпен ауыратын, тұрақты тұрғылықты жері жоқ науқасты наркологиялық ұйымда мәжбүрлеп емдеу туралы мәселе шешілген жағдайда арызды осы арыз берілген кездегі науқастың орналасқан жері бойынша **ішкі істер органдары** береді.

№ 5 тақырып. КӘМЕЛЕТ ЖАСҚА ТОЛМАҒАН ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДАҒЫ ІШКІ ІСТЕР ОРАҒАНДАРЫНЫҢ РӨЛІ

ЖОСПАР:

1. Кәмелетке толмағандармен жасалынатын құқық бұзушылықтардың алдын алу және олардың құқықтарын қорғау мемлекеттік жүйесіндегі ПО орны мен рөлі.

2. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу бойынша кәмелетке толмағандардың істері бойынша соттарының рөлі мен маңызы.

1. Кәмелетке толмағандармен жасалынатын құқық бұзушылықтардың алдын алу және олардың құқықтарын қорғау мемлекеттік жүйесіндегі ПО орны мен рөлі

Кәмелетке толмағандармен жасалатын құқықбұзушылықтардың алдын алу мен олардың құқықтарын қорғау қызметін реттейтін НҚА 2 топқа бөлуге болады:

1. Жалпы:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 ж. 30.08.
- Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі.
- Қазақстан Республикасының Неке және отбасы туралы кодексі.
- “Баланың құқықтары туралы” Қазақстан Республикасының Заңы
- Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңы және т.б.

Арнайы:

- «Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- “Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы” Қазақстан Республикасының Заңы.
- “Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы” Қазақстан Республикасының Заңы.
- «Ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекіту туралы” ІІМ-нің 2015 ж. 29.12. бұйрығы.
- “Учаскелік полиция пунктiнiң жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторларының, учаскелік полиция инспекторлары

мен олардың көмекшілерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы” ПМ-нің 2015 ж. 29.12. бұйрығы.

- “Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы” ПМ 2015 ж. 29.12 бұйрығы және т.б.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық - отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға (басқаларға) қатысты дене зардабын және (немесе) психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті (іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі)

Тұрмыстық зорлық-зомбылық түрлері:

- 1) күш көрсету;
- 2) психологиялық;
- 3) сексуалдық;
- 4) экономикалық зорлық-зомбылық



Ішкі істер, білім беру, денсаулық сақтау органдарында және жергілікті атқарушы органдарда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жөніндегі **жекелеген функцияларды жүзеге асыратын мекемелер** құрылуы мүмкін.

Өзге ұйымдар кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар, қадағалаусыз және панасыз қалу жағдайының профилактикасына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қатысады.

Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия – бұл кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы

саласындағы мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметін үйлестіруді қамтамасыз ететін тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган:

Тиісті мәслихаттар депутаттары

Ішкі істер, білім беру, мәдениет органдарының өкілдері

Денсаулық сақтау, Әділет, жұмыспен қамту органдарының өкілдері

Қамқоршылық пен қорғаншылық мәселелері жөніндегі уәкілетті

органның өкілдері

Мүдделі қоғамдық және өзге де ұйымдардың өкілдері



Кәмелетке толмағандардың конституциялық құқықтарын қорғаудағы ПО рөлі туралы бірқатар зерттеулер бар. Олардың ішінде Н.С. Шемахованың диссертациясында мынандай проблемаларды шешудегі ПО рөліне талдау жүргізілді:

- 1) балаларға қатыгездікпен қарау фактілерін анықтау және алдын алу;
- 2) қадағалаусыз және панасыз қалумен күресу;
- 3) жасөспірімдер арасындағы алкогольизм және нашакорлықпен күресу;
- 4) кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың құқықтарын қамтамасыз ету.

ТЗЗПЗ 10-бап. Ішкі істер органдарының құзыреті

1. Заңның 19-бабы 1-тармағының 1) - 12) тармақшаларында аталған кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін олардың **ата-аналарын немесе заңды өкілдерін анықтайды, есебін жүргізеді және оларға қатысты жеке профилактика шараларын жүргізеді**

2. Кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар, қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тартатын не балаларға қатысты басқа да құқыққа қарсы іс-

әрекеттер жасайтын адамдарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын немесе тиісінше орындамайтын, не олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін кәмелетке толмағандардың ата-аналары мен заңды өкілдерін, педагогтарды, тәрбиешілерді, оқу, тәрбие және кәмелетке толмағандарды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті өзге де мекеменің басқа да қызметкерлерін **анықтайды және оларды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тарту жөнінде шаралар қолданады**

3. Кәмелетке толмағандар жасаған немесе олардың қатысуымен жасалған қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды белгіленген тәртіппен қарайды және оларға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде **шаралар қолдану туралы ұсыныстар енгізеді, олардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;**

4. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік мекемелерге жіберуге немесе кәмелетке толмағандарды **қамқоршылыққа немесе қорғаншылыққа алуды рәсімдеуге жәрдемдеседі;**

5. Арнаулы білім беру ұйымдарына және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандарға қатысты **материалдарды дайындауға қатысады;**

6. Қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларға және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларына сотталған кәмелетке толмағандардың **өмір салтын және мінез-құлқын бақылауды қамтамасыз етеді**

7. Балаларды тәрбиелеу, оқыту және бағып-күту бойынша өз міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың мінез-құлқына кері әсер ететін, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 74-бабының тәртібімен **жазасын өтеу кейінге қалдырылған сотталған әйелдерге қатысты материалдарды дайындайды**

8. Кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз, панасыз қалуы, құқық бұзушылықтары туралы және қоғамға жат іс-әрекеттері, оған итермелейтін себептер мен жағдайлар туралы **мүдделі органдар мен мекемелерді хабардар етеді**

9. Кәмелетке толмағандарды, олардың ата-аналарын және басқа заңды өкілдерін **құқықтық тәрбиелеуде білім беру органдарына жәрдемдеседі**

10. 18 жасқа толмаған және қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды **оқшаулау қажет болса, арнаулы мекемелерде ұстайды.**

11. Кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына, сондай-ақ ішкі істер органдары қызметінің барысында ұсталған, үш жастан он сегіз жасқа дейінгі және ата-аналарының немесе оларды алмастырушы адамдардың қамқорлығынсыз қалған қадағалаусыз балалар мен жасөспірімдерді кәмелетке толмағандарды **бейімдеу орталықтарына жеткізеді**

12. Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген **өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.**

Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөлімшелер

1. Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларының 2 тарауының 10 тармағында көрсетілген КТІ УПИ-дің құқықтарын жүзеге асырады;

2. Қағиданың 3 тарауының 15-18 тармақтарында сәйкес әр оқу тоқсанына құрылған бірлескен іс-шаралар жоспарындағы іс-шараларды өткізеді;

3. Білім алушылар арасындағы құқық бұзушылықтар профилактикасы мақсатында Қағиданың 3 тарауының 19 тармағында көрсетілген функцияларды жүзеге асырады

2. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу бойынша кәмелетке толмағандардың істері бойынша соттарының рөлі мен маңызы

Ювеналдық юстиция – бұл сот төрелігін жүргізудің ерекше жүйесі, оның барысында ювеналдық сот басты орын алады және ол әр түрлі мемлекеттік органдар және әлеуметтік қызметтермен тығыз байланыста болады.

Кәмелетке толмағандар істер бойынша соттардың ерекшелігі – балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың жалпы юрисдикциялық соттармен салыстырғанда жетілдірілген жүйесінің болуы.

Ювеналдық сот ісін жүргізу –

- кәмелетке толмағандарды түзету мен қайтатәрбиелеу мақсатында шараларды жүргізуді;

- құқықа қайшы келетін мінез-құлықтың себебін түсіну мен анықтауды;

- кінәлі кәмелетке толмағандарға олардың жас ерекшеліктерін ескере отыра ықпал етудің тиімді тәсілдерін іздеу мен қалыптастыруды;

- кәмелетке толмағандарға қатысты барлық мән-жайларды ескере отыра барлық жеке дара ықпал ету шараларын қолдануды;

- кәмелетке толмағандардың барлық азаматтық құқықтарын қамтамасыз етуді көздейді.

НжОК 67-бабына сәйкес, баланың өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау құқығы бар.

1. Баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды:

1) ата-аналары немесе баланың басқа да заңды өкілдері;

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган;

3) прокурор және сот органдары;

4) ішкі істер органдары;

5) өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

2. Баланың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған кезде, оның ішінде ата-аналар немесе басқа да заңды өкілдер баланы күтіп-бағу, тәрбиелеу, оған білім беру жөніндегі міндеттерін орындамаған кезде немесе тиісінше орындамаған кезде не ата-ана (қорғаншылық, қамқоршылық) құқықтарын теріс пайдаланған кезде бала - қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға, ал 14 жасқа толғанда сотқа өз құқықтарын қорғау үшін өз бетінше жүгінуге құқылы.

Қағиданың 3 тарауының 19 т. 11) т. КТІ УПИ арнайы білім беру ұйымдарына, оның ішінде ерекше режимде ұстайтын оқу орындарына жіберу үшін оқудан қасақана жалтарған, қылмыстық жауапкершілік жүктелетін жасқа жетпей, қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған кәмелетке толмағандарға материалдарды сотқа немесе кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға дайындайды.

АПК 37 тарауының 332 б. сәйкес, кәмелетке толмағанды девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымына орналастыру туралы арызды қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган не ішкі істер органы, ал ерекше режимде ұстайтын арнаулы ұйымға ішкі істер органы баланың тұрғылықты жері (орналасқан жері) бойынша кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотқа береді.

Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар қарайтын істер:

- 1) баланың тұрғылықты жерін айқындау;
- 2) ата-ананың баламен араласу тәртібін айқындау және басқа адамдарда болатын баланы айырып алу туралы;
- 3) бала ата-аналарының біреуімен республикадан тыс жерлерге тұрақты тұру үшін кеткен кезде баланың тұрғылықты жерін айқындау туралы;
- 4) ата-ана құқықтарынан айыру (оларды шектеу) және оларды қалпына келтіру туралы;
- 5) бала асырап алу және оның күшін жою туралы;
- 6) кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарына немесе ерекше режимде ұстайтын ұйымдарға жіберу туралы даулар бойынша;
- 7) кәмелетке толмағандарға қатысты қорғаншылық пен қамқоршылықтан (патронаттан) туындайтын даулар бойынша.
- 8) кәмелетке толмағанның әкесін анықтау және одан алименттер өндіріп алу туралы;
- 9) 14-тен 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағанның өз табыстарына өз бетінше иелік ету құқықтарын шектеу немесе олардан айыру туралы арыздар бойынша;
- 10) кәмелетке толмағанды әрекетке толық қабілетті деп жариялау (эмансипация) туралы;

11) әке болуды анықтау туралы және баланы күтіп-бағуға пайыздық қатынаста немесе нақты ақшалай сомада алименттер өндіріп алу туралы; алименттердің мөлшерін азайту туралы;

12) кәмелетке толмағандардың еңбек, тұрғын үй құқықтарын қорғау туралы;

13) кәмелетке толмағандар және кәмелетке толғандар бірлесіп, оның ішінде әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі кәмелетке толғандардың қатысуымен келтірілген зиянды өтеу туралы азаматтық істерді қарайды және шешеді.

№ 6 тақырып. ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТТІК-ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Ішкі істер органдарындағы (құқыққорғау органдарындағы) қызмет Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің ерекше бір түрі болып табылады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет түрлерін реттейтін заңнамаларға сүйенетін болсақ мемлекеттік қызмет түрлерінің шартты түрде бірнеше түрін белгілеуге болады:

1) мемлекеттік саяси қызмет - бұл тағайындалуы (сайлануы), босатылуы және қызметі саяси-айқындаушы сипатта болатын және саяси мақсаттар мен міндеттерді іске асыруды көздейтін мемлекеттік қызмет;

2) мемлекеттік әкімшілік қызмет - бұл мемлекеттік саяси қызметтің құрамына кірмейтін, мемлекеттік органда тұрақты кәсіби негізде лауазымдық өкілетті жүзеге асыруды көздейтін мемлекеттік қызмет;

3) құқық қорғау қызметі - құқық қорғау органдары лауазымдарындағы мемлекеттік қызмет.

Жоғарыдағы екі қызмет түрлерінің ұйымдастырылуы мен реттелуінің негізі болып Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңы табылады.

Осымен қатар аталмыш заңда белгіленбеген үшінші қызмет құқық қорғау қызметі табылады. Бұл мемлекеттік қызметтің түрі және оның ұғымы Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі» туралы 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңында белгіленген.

Құқық қорғау қызметі мемлекеттік қызметтің түрі ретінде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңында белгіленбеген. Бірақ бұл жағдай оның мемлекеттік қызмет түріне жатпайтындығын білдірмейді.

Осы саланы реттейтін басқа ел заңнамасына сүйенетін болсақ, мысалы Ресей, мұнда 2003 жылғы 27 мамырдағы «Ресей Федерациясының мемлекеттік қызмет жүйесі туралы» Федералдық Заңға сәйкес мемлекеттік қызмет ретіндегі құқық қорғау қызметі және оның ұғымы осы заңда белгіленген. Бұл жағдай мемлекеттік қызмет түрлері мен ұғымдарының бір заңда белгілене отырып, осы арқылы мемлекеттік қызмет түрлерінің нақты түрлерін анықтайды және де құқық қолдану үдерісін жеңілдетеді. Осылайша жоғарыда көрсетілген жіктеуге сәйкес ішкі істер органдары қызметкерлерін

атқарушы биліктің мемлекеттік органдары жүйесіндегі құқық қорғау қызметі лауазымдарында қызмет өткеретін мемлекеттік қызметкерлер санатына жатқызған жөн. Мұның өзінде ішкі істер органдары өздерінің құқықтық жағдайы бойынша өздеріне тән ерекше құқықтық мәртебесі бар әскери қызметшілер ретінде есептелмейді.

Жалпы құқыққорғау қызметін жүзеге асыратын органдары жүйесі мен құрылымына құқықтық мәртебесі, құрылымы, өкілеттіктері және қызметінің ұйымдастырылуы Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі Заңымен анықталған ішкі істер органдары кіреді.

Негізі ғылыми жұмыстың мазмұнында «ішкі істер органдарындағы мемлекеттік қызмет» деген ұғым сирек қолданылған, әдеттегідей дәстүрлі түрде «ішкі істер органдарындағы қызмет» деген сөз тіркесі қолданылады. Себебі заңнама нормаларының өзінде-ақ бұл қызмет түріне «мемлекеттік» деген сөз қосылмаған. Барлық жерде «ішкі істер органдарындағы қызмет» деген ұғым кездеседі. Ішкі істер органдарындағы қызмет еңбек етудің ерекше түрі болып табылады, оның ерекшелігі келесілерден тұрады:

- біріншіден, Қазақстан Республикасы ІІМ қызметкерлері түсетін ішкі істер органдарындағы мемлекеттік қызмет қатынастарының субъектілік құрамы, туындау негіздері, мазмұны, құқықтық табиғаты бойынша біркелкі емес және әр түрлі құқық салаларының құқықтық реттеу пәні болып табылады;

- екіншіден, ІІО қызметкерлерінің сыртқы ортамен жария-құқықтық (мемлекеттік-қызметтік) қатынастарға түсу мүмкіндігін анықтаушы бастапқы қатынас тиісті ішкі істер органдары арқылы мемлекетпен және олардың лауазымдық тұлғалармен ішкі қатынастар болып табылады;

- үшіншіден сыртқы және ішкі мемлекеттік-қызметтік қатынастар бар болуының заңдық базасы болып тиісті ішкі істер органдары мен қызметкерлер арасында олардың қызмет ету жағдайларына бойынша қызметтік еңбек қатынастары табылады;

- төртіншіден қызметтік-еңбек пен ішкі мемлекеттік-қызметтік қатынастар уақыт кезеңінде сәйкес келіп, бір уақытта пайда болып, әрекет етіп, тоқталса да, олар құқықтық қатынастардың ерікті түрлерін білдіреді;

- бесіншіден, ІІО қызмет мемлекеттік билікті білдіретін белігілі бір лауазымдық қызмет болғанмен бұл қызмет еңбек қатынастарының барлық критерилері бойынша жалдамалы еңбек қатынастары түсінігіне сай келеді;

- алтыншыдан, ІІО қызметкерлері қызметтік-еңбек қатынастарынан басқа, ішкі істер органдарының қызметкерлері олармен тікелей байланысты қатынастардың, оның ішінде оларды құқықтық реттеу әкімшілік құқықтың әрекет ету шегінен шығатын және еңбек, азаматтық және азаматтық іс жүргізу заңнамасының пәніне кіретін келтірілген зиян үшін материалдық жауапкершілік және дауларды шешу бойынша қатынастардың қатысушылары болуы мүмкін.

Өздеріңіз көріп отырғандай ПО қызметтік-еңбек қатынастарының ерекшеліктері сан алуан және оларды ескеру бұл еңбек қатынастарын реттеудің ерекшелігін айқындайды деуге болады.

№ 7 тақырып. ПО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖҰМЫС УАҚЫТЫ МЕН ТЫНЫҒУ УАҚЫТЫ

ЖОСПАР:

1. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің жұмыс уақытының түсінігі және түрлері.
2. Ішкі істер органдарының қызметкерлерінің жұмыс уақытын есепке алу және режимі.
3. Ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін тынығу уақытының түсінігі және түрлері.

1. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің жұмыс уақытының түсінігі және түрлері

ПО қызметкерлерінің жұмыс уақыты мынандай НҚА реттеледі:

1. Еңбек кодексі;
2. “Мемлекеттік қызмет туралы” Заң;
3. “Құқыққорғау қызметі туралы” Заң;
4. “Ішкі істер органдары туралы” Заң;
5. «Ішкі істер органдарында қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы» ПМ-нің 2011 жылғы 27 мамырдағы № 246 бұйрығы.
6. Өзге де нормативтік құқықтық актілер.

Мемлекеттік қызмет туралы заңның 17-бабы – Жұмыс уақыты

1. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жұмыс уақытының ұзақтығы осы Заңда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының еңбек заңдарына сәйкес белгіленеді.

2. Тұтас алғанда мемлекеттік органның немесе оның жекелеген бөлімшелерінің қалыпты (үздіксіз) жұмысы әрі қарай жедел атқарылуына байланысты болатын шұғыл және күні бұрын болжанбаған жұмысты орындау үшін орган басшысының не жауапты хатшының немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де лауазымды адамның жазбаша өкімі бойынша жұмысы Республиканың еңбек заңдарына сәйкес өтелетін, демалыс және мереке күндері қызметке келуге міндетті жекелеген мемлекеттік әкімшілік қызметшілер тартылуы мүмкін.

ПО туралы заңның 25-бабы - Ішкі істер органдарында қызмет өткеру

1. Ішкі істер органдарында қызмет өткеру тәртібі мен шарттары «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалады.

ҚҚҚТЗ 40-бабы - Құқық қорғау органдарындағы жұмыс уақыты

1. Қызметкерлердің жұмыс уақытының ұзақтығы осы Заңда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес белгіленеді.

ЕК 144-бабы - Әскери қызметтегі адамдар-дың, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдары мен мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің еңбегін реттеу

Әскери қызметтегі адамдардың, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдары мен мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің еңбегі қызметке кірудің, оны өткеру мен тоқтатудың ерекше шарттары мен тәртібін, ерекше еңбек жағдайларын, еңбекке ақы төлеу жағдайларын, сондай-ақ қосымша жеңілдіктерді, артықшылықтар мен шектеулерді белгілейтін Қазақстан Республикасының арнайы заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген ерекшеліктермен бірге осы Кодекспен реттеледі.

Жұмыс уақыты – бұл жұмыскер жұмыс берушінің актілеріне және еңбек шартының талаптарына сәйкес еңбек міндеттерін орындайтын уақыт, және де еңбек заңнамасына Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне, ұжымдық шартқа, жұмыс берушінің актілеріне сәйкес жұмыс уақытына жатқызылған өзге де уақыт кезеңдері.

Жұмыс уақытына енгізілетін кезеңдер:

- дайындық-қорытынды жұмысы (наряд-тапсырма, материалдар, құралдар алу, техникамен, құжаттамамен танысу, жұмыс орнын дайындау және жинау, дайын өнімді тапсыру және басқалар) уақытының кезеңдері;

- еңбек технологиясында, еңбекті ұйымдастыруда, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі қағидаларында көзделген үзілістер;

- жұмыскер өзінің уақытына еркін иелік ете алмайтын жұмыс орнында болу немесе жұмысты күту уақыты;

- мереке және демалыс күндеріндегі кезекшіліктер;

- үйдегі кезекшілік;

- еңбек, ұжымдық шарттарға, жұмыс берушінің актілеріне немесе Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес басқа да кезеңдер жатады.

Жұмыс уақыты мына түрлерге бөлінеді:

- ұзақтығы қалыпты;
- ұзақтығы қысқартылған;
- толық емес жұмыс уақыты.

Жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы *аптасына 40 сағаттан аспауға тиіс.*

Еңбек шартында жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы үшін төленетіндей төлемақымен ұзақтығы азырақ жұмыс уақыты көзделуі мүмкін.

2. Ішкі істер органдарының қызметкерлерінің жұмыс уақытын есепке алу және режимі

Жұмыс уақытының (күн тәртібінің) режимі – бұл жұмыс уақыты ұзақтығын күнтізбелік тәулік (күн), апта, ай және басқа да күнтізбелік кезеңдерге бөлудің, күнтізбелік уақыт аралығында ауысымдарды бөлудің, сонымен қатар, күнделікті жұмыстың басталуы мен аяқталуын белгілеудің, тынығу мен тамақтануға арналған үзілістер, арнаулы үзілістер басталуы мен аяқталуын белгілеудің тәртібі.

ПО қатаң регламенттелген күн тәртібі (режимі) белгіленеді, оны белгілеу мына жағдайлармен анықталады:

- 1) қызметтік әрекеттің ерекшеліктерімен;
- 2) жедел жағдаймен;
- 3) жыл мезгілімен;
- 4) жергілікті жағдайлармен
- 5) басқа да нақты мән-жайлармен

Күн тәртібі қағидалары мыналардан тұрады:

- 1) құқық қорғау органы басшысының немесе уәкілетті басшының актісімен бекітілетін жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимінен;
- 2) азаматтарды қабылдау сағаттарынан (халық үшін барынша қолайлы);
- 3) қызметкерлердің жекелеген санаттарының қызмет атқару кезегінен

ҚКҚТЗ 40-бабы сәйкес, ПО қызметкерлері қажет болған жағдайда белгіленген уақыттан тыс, сондай-ақ түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері қызметтік міндеттерін орындауға шақырылуы мүмкін. Өтемақы төлеу тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

ПОТЗ 25-б. 2 т. - Соғыс немесе төтенше жағдай әрекет еткен кезеңде, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде, қарулы қақтығыстар жағдайларында, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың зардаптарын жою кезінде тұрақты орналасқан пункттерде шығарылып:

- 1) ПО қызметкерін оларға жүктелген міндеттерді орындауға жұмылдыруға;
- 2) қызметтік уақыт режимін өзгертуге;
- 3) оған қосымша міндеттер жүктеуге;
- 4) оны басқа жерге қызметке жіберуге;
- 5) қызмет сипатын өзгертпей, басқа бөлініске уақытша ауыстыруға;
- 6) олардың келісімінсіз өзге де ерекше жағдайлар мен қосымша шектеулер белгілеуге рұқсат етіледі.

Мұндай жағдайларда ішкі істер органы қызметкерінің қызмет мерзімі 1 күн үшін 3 күн есебінен есептеледі және жоғары мөлшерде ақшалай қаражат төленеді.

ҚКҚТЗ 45-бабына сәйкес (құқық қорғау қызметін өткеру ерекшеліктері)

ПО қызметкерлерін республиканың өзге өңірлерінде қоғамдық тәртіпті қорғауға немесе төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз етуге және төтенше жағдайларды жоюға қатысуға тарту мерзімінің **ұзақтығы 3 айдан аспауға тиіс.**

3. Ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін тынығу уақытының түсінігі және түрлері

ПО қызметкерлерінің жұмыс уақыты мынандай НҚА реттеледі:

1. Еңбек кодексі;
2. “Мемлекеттік қызмет туралы” Заң;
3. “Құқыққорғау қызметі туралы” Заң;
4. “Ішкі істер органдары туралы” Заң;
5. «Ішкі істер органдарында қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы» ПМ-нің 2011 жылғы 27 мамырдағы № 246 бұйрығы.
6. Өзге де нормативтік құқықтық актілер.

Тынығу уақыты – бұл жұмыскердің еңбек міндеттерін орындаудан бос және өз қалауы бойынша пайдалана алатын уақыты.

ЕК бойынша тынығу уақытының түрлері:

- 1) жұмыс күні (жұмыс ауысымы) ішіндегі үзілістер:
 - тынығуға және тамақтануға арналған үзіліс;
 - ауысымшылық және арнайы үзілістер;
- 2) күнделікті (ауысымаралық) тынығу;
- 3) демалыс күндері (вахтааралық тынығу);
- 4) мереке күндері;
- 5) демалыстар.

№246 Бұйрықтың 15 қосымшасы

ПО-ның қызметкерлері, ПМ оқу орындарының курсанттары (тыңдаушылары) үшін демалыстардың *мынадай түрлері белгіленеді*:

- 1) ақылы жыл сайынғы еңбек демалысы;
- 2) қысқа мерзімді демалыс;
- 3) оқу демалысы (құқық қорғау органдары білім беру ұйымдарының курсанттары мен тыңдаушыларына, сырттай оқу нысаны бойынша оқитын қызметкерлерге);
- 4) еңбек сіңірген жылдары және қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін қосымша ақылы демалыс;
- 5) жүктілігі және босануы бойынша демалыс, жаңа туылған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлерге демалыс, бала үш жасқа толғанға дейін оны бағып-күтуге арналған жалақысы сақталмайтын демалыс белгіленеді.

№ 8 тақырып. ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

ЖОСПАР:

1. Қазақстан Республикасы ПО қызметкерлерін әлеуметтік қорғау.
2. Қазақстан Республикасы ПО қызметкерлерін зейнетақымен қамтамасыз ету.

1. Қазақстан Республикасы ПО қызметкерлерін әлеуметтік қорғау

24-бап

2. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.

25-бап

2. Қазақстан Республикасында азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады. Заңда көрсетілген санаттағы мұқтаж азаматтарға тұрғын үй заңмен белгіленген нормаларға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорларынан олардың шама-шарқы көтеретін ақыға беріледі.

28-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі.

29-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар.

2. Республика азаматтары заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақылы.

Әлеуметтік қорғау құқығы – бұл азаматтардың мемлекеттік немесе одан тыс қамсыздандыру қорларынан, белгіленген жас шамасына жеткенде зейнетақы, жұмысын жоғалтқан, еңбекке жарамсыздық, мүгедектік, асыраушысынан айрылу, көп балалы отбасыларына, отбасы кірісі ең төменгі күн көріс деңгейінен төмен болуы жағдайларына байланысты жәрдемақы төлемдеріне жасы келген қариялар мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет, интернат үйлерінде күту, протездік-ортопедиялық қызмет ұсыну, кәсіптік мамандық игеруге оқыту, дәрі-дәрмекті алу, тұрғын үй шығындарын өтеуге т.б. жеңілдіктер алу дағы құқықтық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығынан тұратын дербес құқық саласы.

ПО қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуын 4 топқа бөлуге болады:

1) материалдық қамтамасыз ету, ол ақшалай ырзықпен, нысанды киіммен, тамақтандырумен, сонымен қатар, қосымша ақылар және өтем ақылармен қамтамасыз етуден тұрады;

2) медициналық және санаторий-курорттық қызмет көрсетулер

3) мемлекеттік міндетті сақтандыру

4) зейнет ақымен қамтамасыз ету.

Мемлекеттік қызмет туралы заңның 8-б. - Мемлекеттік қызметшілердің құқықтары тізбесінде әлеуметтік сипаттағы мынандай құқықтарды бекітеді:

1) өзі атқаратын лауазымға, жұмыс сапасына, тәжірибесіне және осы Заңда белгіленген өзге де негіздерге қарай ынталандырылуына және еңбегіне ақы төленуіне құқығы;

2) зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандырылуға құқығы;

3) еңбегінің қорғалуына, денсаулығының сақталуына, қауіпсіз және жоғары өнімді жұмыс істеуі үшін қажетті еңбек жағдайына құқығы;

4) әлеуметтік және құқықтық қорғалу құқығы

ҚҚҚТЗ 15-б. - Құқық қорғау қызметін өткеруге байланысты құқықтарының тізбесінде әлеуметтік қорғау сипатындағы мынандай құқықтарды бекітеді:

1) медициналық және санаториялық-курорттық қызмет көрсетілуіне құқығы;

2) тұрғын үймен қамтамасыз етілуге және әлеуметтік қамсыздандырылуға құқығы;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз өмірінің, денсаулығының және мүлкінің, өз отбасы мүшелері өмірінің, денсаулығының және мүлкінің мемлекеттік қорғалуына құқығы;

ПО туралы заңның 15-б. - Қызметкерлердің құқық қорғау қызметін өткеруге байланысты құқықтары

1. Ішкі істер органдарының қызметкерлері қызмет өткеру кезеңінде мемлекеттік орденмен (ордендермен) наградталған қызметшілерге жұмыстан шыққан кезде біржолғы жәрдемақысының мөлшері ақшалай қаражатының 2 айлықақысына арттырылады.

2. Ішкі істер органдары қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған), қызметкерлерінің балаларына мемлекеттік жалпы білім беру және мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде, жазғы сауықтыру лагерлерінде кезектен тыс орын беріледі.

3. Жергілікті өкілдік және атқарушы органдар ішкі істер органдарының қызметкерлеріне осы Заңда көзделмеген қосымша әлеуметтік қорғау кепілдіктерін белгілеуге құқылы.

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары қызметкерлерінің нысанды және арнайы киім-кешегі мен заттай жабдықтау нормалары туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2010 жылғы 20 қаңтардағы № 17 бұйрығымен реттеледі

Мемлекеттік қызмет туралы заңның 25-б. - Мемлекеттік қызметшілерді зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру

Мемлекеттік қызметшілерді зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

ҚҚҚТЗ 63-б. - Қызметкерлерді әлеуметтік қорғау

Қызметкерлер, олардың отбасы мүшелері мен мүлкі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет қорғауында болады.

Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы” Қазақстан Республикасының 2013 ж. 21.06. Заңы

66-бап. Қызметкерлер қаза тапқан (қайтыс болған) немесе мертiккен жағдайда берiлетiн кепiлдiктер

1. Қызметкерлер қызметтiк мiндеттерiн атқарып жүрген кезеңiнде мертiккен жағдайда оған бiржолғы өтемақы төленедi, ал қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда ол оны алуға құқығы бар адамдарға берiледi.

2. Бiржолғы өтемақыны төлеу тәртiбiн Қазақстан Республикасының Үкiметi белгiлейдi

3. Қызметкер қызметтiк мiндеттерiн атқару кезiнде не орындалуы мiндеттi қызметтiк мiндеттерiн атқару кезiнде алған жарақат салдарынан қызметтен босатылғаннан кейiнгi бiр жыл бойы iшiнде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, асырауындағы адамдар мен мұрагерлерiне оның соңғы атқарған лауазымы бойынша 60 айлық ақшалай қаражаты мөлшерiнде бiржолғы өтемақы төленедi.

4. Қызметкерге қызметтiк мiндеттерiн атқару кезiнде жарақаттануы, жаралануы (контузия алуы), мертiгүi, науқастануы салдарынан немесе қызметкер құқық қорғау қызметiнен босатылған күнiнен бiр жыл өткенге дейiн мiндеттерiн атқару кезiнде жарақаттануы, жаралануы (контузия алуы), мертiгүi, науқастануы салдарынан болған мүгедектiк белгiленгенде бiржолғы өтемақы:

1) I топтағы мүгедекке – 30 айлық ақшалай қаражат;

2) II топтағы мүгедекке – 18 айлық ақшалай қаражат;

3) III топтағы мүгедекке – 6 айлық ақшалай қаражат мөлшерiнде бiржолғы өтемақы төленедi.

5. Қызметкерлер қызметтiк мiндеттерiн атқару кезiнде мүгедектiкке соқтырмайтын ауыр мертiккен (жарақат алған, жараланған, контузия алған) жағдайда, оларға бiр жарым айлық ақшалай қаражаты мөлшерiнде, жеңiл зақым алған жағдайда жарты айлық ақшалай қаражаты мөлшерiнде бiржолғы өтемақы төленедi.

Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2011 жылғы 20 қазандағы № 1192 қаулысымен бекiтiлген «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органының қызметкерi өзiнiң қызметтiк мiндеттерiн атқару кезiнде мертiккен кезде, сондай-ақ ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оның алуына құқығы бар бiржолғы өтемақыны төлеу қағидалары»

ҚҚҚТЗ 64-б. - Қызметкерлерге еңбекақы төлеу, оларды зейнетақымен және өзгедей қамсыздандыру

1. Қызметкерлерге ақшалай үлес Қазақстан Республикасының Президентi бекiтетiн мемлекеттiк бюджет есебiнен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлерiне еңбекақы төлеудiң бiрыңғай жүйесi негiзiнде белгiленедi және ол ақшалай қаражат пен қызметтi өткерудiң ерекше жағдайлары үшiн Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгiленетiн үстемеақыларды қамтиды.

2. Қызметкерлердiң ақшалай қаражаты лауазымдық айлықақыдан және арнаулы атағы, сыныптық шенi немесе бiлiктiлiк сыныбы үшiн берiлетiн қосымша ақыдан тұрады.

Лауазымдық айлықақыны және сауықтыруға берілетін жәрдемақыларды есептеу үшін жұмыс өтілі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

3. Қызметкерлерді зейнетақымен қамсыздандыру, мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Қызметкерлердің іссапар куәлігін көрсету арқылы көліктің барлық түрінде жол жүру құжаттарын және мейманханаларда тұру үшін орынды бірінші кезекте алуға құқығы бар

1. “Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы” Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 ж. 31.12. № 1193 қаулысы.

2. “Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлеріне ақшалай ризықты, жәрдемақыларды және өзге де төлемақыларды төлеу қағидаларын бекіту туралы” Ішкі істер министрінің 2014 ж. 14.11. № 808 бұйрығы.

ҚКҚТЗ 66 б. 7 т. Қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан қызметкердің балаларына, олар кәмелеттік жасқа толғанға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен медициналық және санаториялық-курорттық қызмет көрсету құқығы сақталады.

ҚКҚТЗ 70-б. - Құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлеріне медициналық және санаториялық-курорттық қызмет көрсету

Қызметкерлер және олармен бірге тұратын отбасы мүшелері, сондай-ақ құқық қорғау органдарының зейнеткерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық және санаториялық-курорттық қызметті пайдаланады.

Қызметтік міндеттерін атқару кезінде мертліккен (жараланған, жарақаттанған, контузия алған) қызметкерлер бюджет қаражаты есебінен санаториялық-курорттық емделуге жіберіледі.

“Құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне және олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне, зейнеткерлеріне, сондай-ақ қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан қызметкерлердің балаларына олар кәмелеттік жасқа толғанға дейін тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық және санаторий-курорттық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы” Үкіметінің 2016 ж. 18.02. № 78 қаулысымен реттеледі.

Нормативтік құқықтық актілердің талдауы ПО қызметкерлеріне берілетін әлеуметтік сипаттағы жеңілдіктер, артықшылықтар, кепілдіктер мен өтем ақыларға мыналар жататынын көрсетті:

- ПО қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесіндегі артықшылықтардың болуы;

- нысанды киіммен, тамақтандырумен қамтамасыз етілуі;

- медициналық қызмет көрсетумен қатамасыз етілуі;

- өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде мертіккен кезде, қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда немесе денсаулығына басқа да зиян келуіне, еңбек қабілеттігінен айырылуына байланысты мемлекеттік сақтандыру;

- қызмет істеген және шекті жасына жетуіне байланысты зейнет ақымен қамтамасыз етілуі және отбасы мүшелерінің асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдем ақы алу құқығының қамтамасыз етілуі және т.б.

2. Қазақстан Республикасы ПО қызметкерлерін зейнетақымен қамтамасыз ету

Құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерін әлеуметтік қорғаудың өзге де шараларына мыналар жатады:

1. ПО қызметкері ҚР заңнамасына сәйкес міндетті әлеуметтік сақтандыруға жатады.

Сақтандыру «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2003 ж. 25.04. ҚР Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Міндетті әлеуметтік сақтандырудың **мына түрлері қолданылады:**

- 1) еңбек ету қабілетінен айрылған жағдай;
- 2) асыраушысынан айрылған жағдай;
- 3) жұмысынан айрылған жағдай.
- 4) жүктілігіне және босануына байланысты табысынан айрылған жағдай;
- 5) жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына байланысты табысынан айрылған жағдай;
- 6) бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айрылған жағдай.

2. ПО мына тұлғалары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мынандай жеңілдіктер мен артықшылықтарды қолданады:

1) ПО қызметкерлері мен зейнеткерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шектерде, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери қызметшілері мен зейнеткерлері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген ;

2) туберкулезге қарсы және басқа мамандандырылған жұқпалы аурулар мекемелерінде қызмет атқарып жүрген қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында аталған қызметкерлер үшін белгіленетін;

3) Қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің туберкулезге қарсы мекемелер мен басқа да мамандандырылған учаскелерде және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде қызмет атқаратын қызметкерлеріне осы санаттағы медицина қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген.

3. Қызметкерлерге тұрғын үйді күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге республикалық бюджет туралы заңда айқындалатын мөлшерде ақшалай өтемақы төленеді.

4. Қайтыс болған, ПО қызметкерлері арасынан еңбек сіңірген жылдары үшін зейнеткерлік төлемақы алушылардың отбасы мүшелеріне асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы тағайындалуына қарамастан мына тұлғалар төмендегідей мөлшерде біржолғы жәрдемақы алуға құқықтары бар:

1) әйеліне (күйеуіне) – асыраушысының 3 айлық зейнеткерлік төлемақысы мөлшерінде;

2) отбасының еңбекке қабілетсіз әрбір мүшесіне – асыраушысының қайтқан күніне дейін төленіп тұрған 1 айлық зейнеткерлік төлемақысы мөлшерінде.

Біржолғы жәрдемақы мөлшерін айқындау кезінде жәрдемақыға құқығы бар отбасы мүшелерінің қатарына:

1) жасына және еңбекке қабілеттігіне қарамастан әйелі (күйеуі);

2) 18 жасқа толмаған немесе бұл жастан асқан, егер олар 18 жасқа толғанға дейін мүгедек болып қалған немесе асыраушысы қайтыс болған күні күндізгі оқу орындарының оқушысы болып табылған және 23 жасқа толмаған балалары;

3) қайтыс болған адамның асырап-бағуында болып келген, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған не мүгедек болып табылатын ата-аналары.

5. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан немесе мүгедектік алған қызметкерлердің балалары әскери мектеп-интернаттарға және кадет корпустарына конкурстан тыс қабылдану құқығын пайдаланады, сондай-ақ оқуға түсушілер үшін белгіленген талаптар бойынша баллдың шекті деңгейін жинаса, құқық қорғау органының білім беру ұйымдарына конкурстан тыс қабылданады (ҚКҚТЗ 66 б. 8 т.)

6. ПО қызметкерлері мен зейнеткерлерінің тұрғын үйге құқықтары қамтамасыз етіледі (ҚКҚТЗ 68-б.)

- олар мемлекеттік тұрғын үй қорынан бірінші кезекте тұрғын үймен қамтамасыз етілу құқығын пайдаланады;

- күнтізбелік 10 жылдан астам уақыт қызмет атқарған қызметкерлер тұрақты тұрып жатқан, қызметтік тұрғын үйге теңестірілген тұрғын үйлерін, аталған қызметкерлердің қалауына қарай, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда қалдық құны бойынша меншігіне сатып ала алады;

- басқа тұрғын үй-жай берілмей қызметтік тұрғын үйден шығаруға жатқызылмайды;

- қызметкер қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан жағдайда, ол қаза тапқан күннен бастап 1 жылдан кешіктірілмей, қаза тапқан адамның отбасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарттармен және тәртіппен мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға құқылы болады.

7. (МҚТ заңның 24-б. - Мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік қорғау шаралары) Тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж мемлекеттік

қызметшілерге жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесі тегін беріледі. Жер учаскесін беру шарттарын Республика Үкіметі белгілейді.

8.

1) мемлекеттік орган таратылған (жойылған) жағдайда, мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге кемінде 3 жыл мемлекеттік қызмет өтілі болған кезде 4 орташа айлық жалақысы мөлшерінде жұмыстан шығу жәрдемақысы төленеді.

2) мемлекеттік орган қайта ұйымдастырылған жағдайда жаңадан құрылған мемлекеттік органның басшылығы қайта ұйымдастырылған мемлекеттік органның мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне олардың біліктілігіне сәйкес жұмыс ұсынады.

Басқа мемлекеттік органның функциялары, өкілеттіктері және штат бірліктері берілген мемлекеттік орган берілген функцияларды, өкілеттіктерді орындаған және осы штат бірліктерінде қызмет атқарған мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге олардың біліктілігіне сәйкес жұмыс ұсынады.

3) мемлекеттік әкімшілік қызметшілер жұмысқа орналасудан бас тартқан жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жұмыстан босатылады. Бұл ретте, кемінде 3 жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге 4 орташа айлық жалақысы мөлшерінде жұмыстан шығу жәрдемақысы төленеді.

4) мемлекеттік органның штат саны қысқарған жағдайда мемлекеттік қызметшіге кемінде 3 жыл мемлекеттік қызмет өтілі болған кезде 4 орташа айлық жалақысы мөлшерінде жұмыстан шығу жәрдемақысы төленеді.

Нормативтік құқықтық актілер:

№ р/н	Автор, атауы	Жылы, шыққан басылымы
1. Нормативтік құқықтық актілер		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамыз	Параграф-WWW: <i>ақпараттық жүйе.</i> online.zakon.kz .
2	Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексі. 2015 жылғы 31 қазан. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: <i>ақпараттық жүйе.</i> http://online.zakon.kz .
3	Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). 1994 ж. 27 желтоқсан. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: http://online.zakon.kz .
4	Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім). 1999 ж., 1 шілде. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: <i>ақпараттық жүйе.</i> http://online.zakon.kz .
5	Қазақстан Республикасының еңбек кодексі. 2015 ж., 23 қараша. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: <i>ақпараттық жүйе.</i> http://online.zakon.kz .

6	Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі, (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
7	Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қарашадағы Кодексі, (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
8	Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі. 2014 жылғы 5 шілде. (Соңғы өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
9	Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. 2014 ж., 3 шілде. (Соңғы өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
10	Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі. 2015 жылғы 29 қазан. (Соңғы өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
11	Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексі. 2014 ж., 4 шілде, № 231-V ҚРЗ. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
12	Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық Заңы. 2000 ж. 25.12. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
13	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
14	Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңы, 1997 ж. 16.04. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
15	Қазақстан Республикасының «Кәсіптік одақтар туралы» 2014 жылғы 27 маусымдағы № 211-V Заңы (Соңғы берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
16	Қазақстан Республикасының «Төрелік туралы» 2016 жылғы 8 сәуірдегі Заңы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
17	Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» 2011 жылғы 28 қаңтардағы Заңы. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
18	Қазақстан Республикасының «Атқарушылық өндіріс және сот атқарушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Заңы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
19	Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңы. 1997 ж. 14.07. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
20	Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының құқыққорғау қызметі туралы» Заңы, 2011 жылдың 6 қаңтары. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .

21	Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» 2017 ж. 30.06. Заңы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
22	Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі Заңы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
23	Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» 2018 жылғы 5 шілдедегі № 176-VI Заңы (2020.06.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
24	Қазақстан Республикасының «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2003 жылғы 25 сәуірдегі № 405 Заңы (Соңғы өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
25	Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуір (Соңғы өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
26	Қазақстан Республикасының «Жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» 2005 жылғы 7 ақпандағы № 30 Заңы (Соңғы өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
27	Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Заңы (Соңғы берілген өзгерістері мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
28	Қазақстан Республикасының «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39 Заңы (Соңғы берілген өзгерістері мен толықтыруларымен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
29	«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Заңы (соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
30	Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» 2001 ж. 16 қаңтардағы № 142 Заңы, (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
31	Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
32	Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 ж. 09.07. Заңы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
33	Қазақстан Республикасының Жоғары Сотының «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңды қолдануы туралы» 2000 ж. 28.04. №4 қаулысы. (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
34	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2001 жылғы 21 маусымдағы № 3 нормативтік қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
35	Қазақстан Республикасының Жоғары Сотының «Қылмыстық	Параграф-WWW:

	процесті жүргізген органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңды қолдану тәжірибесі туралы» 1999 ж. 09.07. №7 қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
36	Қазақстан Республикасының Жоғары Сотының «Соттардың денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу жөніндегі Республика заңдарын қолданудың кейбір мәселелері туралы туралы» 1999 ж. 09.07. №9 қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
37	Қазақстан Республикасының Жоғары Сотының «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңды қолдануы туралы» 2000 ж. 28.04. №4 қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
38	Қазақстан Республикасының Жоғары Сотының «Соттардың некені бұзу туралы істерді қараған кезде заңды қолдануы туралы» 2000 ж. 28.04. №5 қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
39	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөніндегі сот тәжірибесі туралы» 1999 ж. 9 шілдедегі № 8 нормативтік қаулысы (Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
40	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» 2015 жылғы 27 қарашадағы № 7 нормативтік қаулысы	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
41	«Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарында қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 27 мамырдағы № 246 бұйрығы. (Соңғы өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
42	ПМ-нің «Ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» 2015 ж. 29.12. бұйрығы (Соңғы өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
43	ПМ-нің «Учаскелік полиция пунктінің жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторлары-ның, учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 ж. 29.12. бұйрығы (Соңғы өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
44	ПМ-нің «Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 ж. 29.12 бұйрығы (Соңғы өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
45	«Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарында қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 27 мамырдағы № 246 бұйрығы. (Соңғы өзгерістер мен толықтырулармен)	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. http://online.zakon.kz .
45	Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне және олармен бірге тұратын	Параграф-WWW: ақпараттық жүйе.

<p>отбасы мүшелеріне, зейнеткерлеріне, сондай-ақ қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан қызметкерлердің балаларына олар кәмелеттік жасқа толғанға дейін тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық және санаторий-курорттық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» 2016 ж. 18.02. № 78 қаулысы (Соңғы өзгерістер мен толықтырулармен)</p>	<p>http://online.zakon.kz.</p>
---	---